В Казахстане в то время было всего лишь 25 мечетей. В таких областях как Костанай, Торгай, Жезказган, Мангыстау, Усть-Каменогорск, Талдыкорган вообще не было мечетей. Только в двух мечетях из указанных 25 имамами были казахи. Имамом мечети Туркестана был 90-летний пожилой аксакал, имамом в Арысе 80-летний аксакал, а все остальные были представителями других национальностей. Они не знали языка, не понимали казахских обычаев. Это был период, когда ислам как таковой в Казахстане переживал своеобразный застой в развитии. Если только не название «мечеть», состояние мечетей значительно ухудшилось. Тогда я и пришел в казият (управление) во время такого застоя. Изо всех сил мы меняли и исправляли эту ситуацию.

Если быть честным, то во время Советского Союза к 25 мечетям присоединили еще 38 мечетей, и их число в стране увеличилось на 63. Кроме того, спонсорством некоторых арабских стран было построено более десяти мечетей в г. Алматы, Алматинской области, г. Шымкент и нынешней Туркестанской области.

Мечети в селах Талгар, Белбулак, Байсерке были построены спонсорством Турции. В целом, около 30 мечетей были переданы ради довольства Аллаха мусульманам Казахстана.

Supreme Mufti in Tashkent and planned to establish the Spiritual Administration in Kazakhstan. At that moment, Kazakhstan needed its own Spiritual Administration ...

There were only 25 mosques in Kazakhstan and even no mosques in Kostanay, Torgay, Zhezkazgan, Mangystau, Oskemen and Taldykorgan. They had only two Kazakh imams in these 25 mosques. A mosque in Turkestan was managed by a 90-year-old man, and the imam of Arys mosque was an 80-year-old senior citizen. Other imams were represented by other nationalities. They did not know the language or comprehend the Kazakh traditions and customs. It was a time of complete stagnancy in religion. The mosques did not have proper conditions for place of worship except just for its name. I came to Kazakhstan at a time of despair. However, we tried to change and work out these situations as much as we could.

To be honest, we added 38 mosques to the existing 25 and increased the number of mosques in the country to 63 during the Soviet time. In addition, the Arab countries have built more than a dozen mosques in Almaty and Almaty region, as well as more than that in Shymkent and present Turkestan region.

Turkey has built mosques in Talgar, Belbulak and Bayserke villages. In total, about 30 mosques were built for the service of Kazakhstan citizens and for the sake of God.

Міне, уақыт деген зымырап өте береді. Діни басқарманың құрылғанына 30 жыл толды. Еліміздегі барша дін қызметкерін 30 жылдық мерекемен құттықтаймын. Расында, халқымыз қандай жетістікке жетсе, бірлігінің арқасында жүзеге асты. Сол бірлікті нығайту ісінде имамдарымыз көп еңбек сіңіріп келеді. Алла разы болсын! Жаратқан Жаббар Иеміз дінімізге қуат, жұртымызға ауызбіршілік берсін! Әмин!

Рәтбек қажы НЫСАНБАЙҰЛЫ
1990-2000 жылдардағы ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти

Время проходит мимолетно. Исполнилось 30 лет со дня образования Духовного управления. Хочу поздравить всех священнослужителей с 30-летним праздником. На самом деле, благодаря единству наш народ достиг больших успехов. Наши имамы всегда трудятся над укреплением этого единства. Пусть Всевышний будет доволен ими! Пусть Всевышний Аллах благословит и укрепит нашу религию и народ наш единством! Аминь!

Ратбек хаджи НЫСАНБАЙУЛЫ
Председатель ДУМК, Верховный муфтий в 1990-2000 годах

Time flies. It has been 30 years since the establishment of the Spiritual Administration. I would like to congratulate all imams of the country on the 30th anniversary. Indeed, the success of our people is due to unity. Our imams have contributed a lot to strengthen that unity. May Allah reward them abundantly! May the Almighty give strength to our religion and unity to our people! Amen!

Ratbek Haji Nysanbaiuly
The Chairman of the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan,
Supreme Mufti 1990-2000



Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ
2000-2013 жылдардағы ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти

Абсаттар хаджи ДЕРБИСАЛИ
Председатель ДУМК, Верховный муфтий в 2000-2013 годах

Absattar Haji DERBISALI
The Chairman of the Spiritual Administration of
Muslims of Kazakhstan, Supreme Mufti in 2000-2013

ДІН ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

Қазақ халқы исламды қабылдаушы ғана болып қалған жоқ. Сонымен қатар біз ислам өркениетін байытуға үлес қосқан халықпыз. Ислам дінінің тарауы арқылы қазақ жерінде ғылым дами түсті. Тіліміздегі «қалам», «дәптер», «кітап», «мектеп», «ұстаз», «мұғалім», «медресе» сынды ғылымға қатысты сөздердің араб тілінен енгені исламның жерімізде ғылымның дамуына қаншалық оң әсер еткенін аңғартса керек. Тарихқа қарасақ, орта ғасыр Ислам өркениеті мен мәдениетінің ықпалы күшейген кезең екенін көреміз.

Ислам озық ой мен прогресс діні ретінде қай кезде де ғылыми-ағартушылық бағытты негіз етіп алды. Сондықтан да алғашқы күннен адамзатты білімге, оқуға үндеді. Қасиетті Құранға үңілумен қатар мына алып ғалам кітабын да қоса зерделеуге шақырып, Ұлы Шебердің құдіретіне саналы түрде бас идірді. Мұбарак Құранның алғашқы аяты **«Сені жаратқан Раббыңның атымен оқы!»** деп басталуы да ойланғанға ғибрат.

Құрандағы **«Білетіндер мен білмейтіндер тең бе?»** («Зүмар» сүресі, 9-аят); «**Бұлардың ішіндегі ғылымға бойлағандарға зор сый береміз»** («Ниса» сүресі, 162-аят); **«Шын мәнінде құлдарынан ғалымдар Алладан қорқады»** («Фатыр» сүресі, 28-аят); **«Раббым, білімімді арттыра гөр!»** («Таһа» сүресі, 114-аят) деген аяттарды, сондай-ақ **«Ғалымдар – пайғамбарлардың мирасқорлары»** (Әбу Дәуіт), **«Тал бесіктен көр бесікке дейін білім іздеңдер»** (Әл-Ажлуни), **«Білім мұсылман әйелге де, ерге де парыз»** (Ибн Мажа), **«Ілім үйренуге шыққан адам Алла жолында»** (Муслим) деген секілді хадистерді көкейге түйген мұсылмандар ілім үйренуге талпынып, сауаттылықты барынша жаюға тырысқан.

Исламдағы алғашқы ілім ошағы әл-Масжиду-л Набауимен басталған. 830 жылы халифа әл-Мамун тұрғызған Бағдаттағы әйгілі «Бәйту-л хикма» – осының бірі.

«Бәйту-л хикма» (оқу-ағарту үйі) аударма орталығы, кітапхана, сондай-ақ алғашқы жоғары оқу орны рөлін де атқарған. Тіпті «Бәйту-л хикмаға» қарасты арнайы обсерватория да салынған. Бұл кезеңде тараған обсерваториялар бір жағы астрономия пәнін үйретететін мектеп қызметін де атқарған.

Бағдатта уәзір Низаму-л Мүлк тұрғызған «Низамия» медресесі сол кезеңнің ең озық, ең ірі оқу орны міндетін атқарған. Андалусиялық әмауилер мен Бани Ахмар мемлекетінде де оқу-ағарту жұмыстарына көңіл бөлінген.

Расында, дін мен ғылым тыныштық орнаған қоғамда дамиды. Сондықтан бүгінгі қым-қуыт дүниеде бейбітшілік пен ынтымақ күшейіп, дамуы үшін дәстүрлі діндераралық үнқатысу мен төзімділіктің мән-маңызы жоғары. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2003 жылғы қыркүйекте елордада өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары құрылтайының ашылуында сөйлеген сөзінде: «Халықтардың, діндердің, мемлекеттер мен үкіметтердің бейбіт қатар өмір сүруі мен сындарлы өзара іс-қимылы туралы мәселе қазіргі кезде ерекше өзекті маңызға ие. Ол таза теориялық аядан аса маңызды практикалық міндеттер қатарына шықты. Сондықтан да көптеген аса көрнекті саяси және діни қайраткерлердің күш-жігерімен, шынтуайтында, байырғы заманнан қазіргі күнге дейін тоқталмаған діндердің, мәдениеттердің, өркениеттердің үнқатысуын жалғастыру ерекше қажет», – деген еді.

Алдағы уақытта ғылыми-ағартушылық бағыттан таймау, ел тыныштығын күзетіп, діни төзімділік негізінде өзге дәстүрлі дін өкілдерімен де жарастықта өмір сүру, тәуелсіздігіміздің тұғырын бекіте түсуге жұмыс жасау – біз ұстанатын діни жолдың негізгі бағыты һәм асыл мақсаты болып қала бермек.

Исламдағы білімнің маңызын ескеріп, жер-жерден медреселер, қарилар орталығын салдырдық. Бүгінде Алматыдағы Нұр-Мүбәрак университеті діни кадр даярлайтын үлкен оқу ордасына айналды. Ал қазір сол медреселердің колледж мәртебесін алуы мені де шат-шадыман күйге бөлеп отыр.

Діни басқарма ұжымын, барша дін қызметкерін 30 жылдық мерейтоймен құттықтаймын. Бұл – баршамыздың ортақ мерекеміз. Еліміз бен жеріміздің игілігі үшін аянбай қызмет ету – ортақ міндетіміз. Дін қамында жүрген дін қызметкерінің жұмысына береке тілеймін. Мереке құтты болсын! Ел аман, жұрт тыныш болғай! Әмин!

Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ
2000-2013 жылдардағы ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти

РЕЛИГИЯ И НАУКА

Казахский народ не только принял ислам, но и внес большой вклад в обогащение исламской цивилизации. Наука на казахской земле развивалась вместе с распространением ислама. Научный словарь и в том числе такие слова, как «ручка» (қалам), «тетрадь» (дәптер), «книга» (кітап), «школа» (мектеп), «учитель», «медресе» вошедшие в языковой оборот казахов с арабского языка, показывают насколько положительно повлияла религия ислам на развитие науки в нашей земле. Если пролистать страницы истории, мы видим, что влияние Исламской цивилизации и культуры усиливается в период средневековья.

Ислам как религия передовых мыслей и прогресса всегда брала за основу научно-просветительское направление. Поэтому с первых же дней призывало человечество к знаниям и чтению. Первый аят Священного Корана **«Читай во имя Господа твоего...!»** так же заставляет ум человеческий задуматься над многим и размышлять.

Мусульмане глубоко понимали смысл таких аятов Корана, как **«Неужели равны те, которые знают, и те, которые не знают?»** (сура «Аз-Зумар», 9-аят); **«Однако тех из них, которые обладают основательными знаниями... Мы одарим великим вознаграждением»** (сура «Ан-Ниса», 162-аят); **«Боятся Аллаха среди Его рабов только обладающие знанием»** (сура «Фатыр», 28-аят); **«Господи! Приумножь мои знания!»** (сура «Та Ха», 114-аят), а также таких хадисов, как **«Ученые – преемники пророков»** (Абу Даут), **«Ищите знание от колыбели до могилы»** (Аль-Аджлуни), **«Образование обязательно одинаково и для мужчины и для женщины»** (Ибн Мажа), **«Тот, кто ищет знание, находится на пути Аллаха»** (Муслим) учились новому, а также старались максимально развить грамотность.

Первым очагом образования в исламе можно назвать мечеть аль-Масджиду-л Набавия (Мечеть Пророка). «Байту-ль хикма» построенный халифом аль-Мамуном в 830 году, считается одним из них. Учебно-просветительский дом «Байту-ль хикма» исполнял роль переводческого центра, библиотеки, а также первого высшего учебного заведения. Даже была построена специальная обсерватория рядом с «Байту-л Хикма». Обсерватории в тот период работали в качестве школы, где изучали астрономию.

Медресе «Низамия», построенный везирем Низаму-л Мульком в городе Багдад, считалась самым продвинутым и крупнейшим учебным заведением того времени. Особое внимание уделялось учебно-просветительской работе и в странах Андалусских амавиев и Бани Ахмар.

Действительно, наука и религия развивается в обществе, где царит мир и согласие. Поэтому в современных реалиях, для укрепления и развития мира и согласия, большое значение имеет межрелигиозный диалог и толерантность. Первый Президент Казахстана – Лидер нации Нурсултан Назарбаев, выступая на открытии съезда лидеров мировых и традиционных религий в Астане в сентябре 2003 года отметил следующее: «Вопрос о мирном сосуществовании и конструктивном взаимодействии народов, религий, государств и правительств в настоящее время имеет особое значение. Он вышел из чистой теоретической сферы в число наиболее важных практических задач. Поэтому необходимо продолжить диалог религий, культур, цивилизаций продолжающих свое существование с давних времен до наших дней с усилиями многих выдающихся политических и религиозных деятелей».

В дальнейшем научно-просветительская направленность, сохранение спокойствие страны, толерантности на основе религиозной жизни с представителями иных традиционных религий, работа над укреплением позиций нашей независимости – остается основным направлением и благородной целью религиозной стези, которой мы придерживаемся.

Учитывая важность образования в исламе, во всех уголках нашей страны мы построили медресе и центры хафизов Корана. Сегодня университет Нур-Мубарак стал главным учебным заведением по подготовке специалистов исламоведов. Получение статуса колледжа тех же медресе, очень сильно радует меня.

Поздравляю коллектив духовного управления, и всех священнослужителей с 30-летним юбилеем. Это наш общий праздник. Работать не покладая рук на благо страны – наша общая задача. Желаю успехов всем, кто работает в этой сфере! Пусть будет мир и покой! Аминь!

Абсаттар хаджи ДЕРБИСАЛИ
Председатель ДУМК,
Верховный муфтий в 2000-2013 годах

RELIGION AND SCIENCE

The Kazakhs did not only convert to Islam, moreover, we are a nation that has contributed to the enrichment of Islamic civilization. Through the spread of Islam, the scientific knowledge has expanded in the Kazakh land. The fact that words related to science in our language, such as “pen”, “notebook”, “book”, “school”, “professor”, “teacher”, “madrasah” that came from the Arabic language, shows how positively Islam has influenced the development of science in our country. Historically, the Golden age of Islam was a period of increasing influence of Islamic civilization and culture.

Islam, as a religion of forward-thinking and progress, has always been based on science and education. That is why since the first day it has been calling mankind to seek the knowledge. The Holy Quran exposes the call for the study of this great book of the universe, and consciously embrace the power of the Great Master. The first verse of the Holy Quran is “Recite in the name of your Lord who created” is a lesson to reflect about.

The Noble Quran says “Are those who know equal to those who do not know?” (Surat az-Zumar, 9); “We bestow great prize on those who pursue the knowledge” (Surat an-Nisa, 162); “Indeed, the scholars fear Allah the most among the slaves” (Surat al-Fatir, 28); “Lord, increase my knowledge!” (Surat at-Taha, 114) and it is reported in the hadiths that “Scholars are the successors of the Prophet” (Abu Daud), “It is obligatory upon a person to seek the knowledge from the cradle to the grave” (Al Ajluni), and “Whoever travels a path in search of knowledge is on the path of Allah” (Muslim) gives a motivation to strive to learn and increase the knowledge as much as one could.

As we know, the first studying center of Islam is considered the al-Masjid al-Nabawi. The famous Baitul Hikmah in Baghdad, founded by Caliph al-Mamun in 830, is another of them. Baitul Hikmah (Educational center) served as an interpretation center, library, and the first university. They constructed even a special observatory under the Baitul Hikmah. It was common to build an observatory at that time that also served as a school for teaching astronomy.

The Nizamiyya madrasah in Baghdad was built by Wazir Nizam al-Mulk and considered as one of the most advanced and largest schools in the country. Educational work is also focused on the Andalusian Umayyads and the Bani Ahmar state.

Indeed, religion and science thrive in a peaceful society. Therefore, traditional inter-religious dialogue and tolerance are great importance for the strengthening and development of peace and harmony in today’s reality. At the opening of the Congress of Leaders of World and Traditional Religions on September 2003 in the capital, the First President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev said that the importance of peaceful coexistence and constructive interaction of nations, religions, states, and governments is essential current times. It transited from being purely theoretical into practical tasks. Therefore, it is a great deal to continue the dialogue of religions, cultures and civilizations, which, in fact, has not stopped since ancient times with the efforts of many prominent political and religious figures.

In the future, the main direction and noble goal of our Islamic path will remain in the pursuit of science and education, the preservation of peace in the country, living in harmony with other traditional religions on the basis of religious tolerance and working to strengthen our independence.

Given the importance of education in Islam, we have built madrasahs and centers for memorization of the Quran. Today, Islamic University Nur-Mubarak in Almaty has become a major educational institution for educating Islamic theologians. As for now, I am delighted that those madrasahs have received the status of colleges.

I congratulate the staff of the Spiritual Administration and all the colleagues on the 30th anniversary. This is a common celebration for all of us. It is our noble task to serve selflessly for the benefit of our country and our land. I wish success to the work of the clergy. Happy Anniversary! May our land be safe and people in peace! Amen!

Absattar Haji DERBISALI
The Chairman of the Spiritual Administration of
Muslims of Kazakhstan, Supreme Mufti 2000-2013



Ержан қажы МАЛҒАЖЫҰЛЫ
2013-2017 жылдардағы ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти

Ержан хаджи МАЛГАЖЫУЛЫ
Председатель ДУМК, Верховный муфтий в 2013-2017 годах

Yerzhan Haji MALGAZHYULY
The Chairman of the Spiritual Administration
of Muslims of Kazakhstan, Supreme Mufti in 2013-2017

ИСЛАМ. ИМАМ. ҚОҒАМ

Әрбір жақсы амалда діннің бір талабы жатыр. Бүгін бір жетімді қуанттыңыз, жолда кетіп бара жатып қарияны демеп, ауыр сөмкесін көтерісіп жібердіңіз, қоғамдық көлікте оған орын бердіңіз, таңертең ерте тұрып, Аллаға тәуекел етіп, адал жолмен бала-шағаңыздың нәпақасын, ризығын тауып келдіңіз, жолдасыңызға жақсы сөз айтып, сүйіспеншілігіне бөлендіңіз, балаңызды еркелетіп, оған бір сәт көңіл бөліп, ойнаттыңыз, жақсылыққа тәрбиеледіңіз, науқастың көңілін сұрадыңыз – демек біз діннің талаптарын орындап жатырмыз. Сонымен қатар, ниетімізге орай екі дүниенің игілігіне бөленетін сансыз сауап алып жатырмыз. Діннің өмір сүру формасы дегеніміз – осы. Аллаға ұнамды әрбір сөз, амал – садақа, сауап.

ИСЛАМ. ИМАМ. ОБЩЕСТВО

В основе каждого хорошего поступка лежить как минимум одно назидание Ислама. Если вы обрадовали сироту, помогли пожилому человеку донести сумку, уступили место в общественном траснпорте, полагаясь только на Всевышнего, заработали пропитание дозволенным путем чтобы прокормить семью, порадовали ласковым словом своего спутника жизни, уделили время своим детям, спросили у больного о его состоянии здоровья, то все это является поступками за которых можно получить воздояние. Ведь указанные благие дела восхволяемы по канонам ислама. Мы также получаем бесчисленные воздояния по причине которых мы сможем достичь счастья в обоих мирах только из за нашего благого намерения. Это и есть жизнь на-

ISLAM. IMAM. SOCIETY

Any good deed has a requirement in the Islam. If we had a chance to make an orphan happy, help an old man on the way to pick up a heavy bag, offer a seat in the public transport, get up early in the morning by putting the trust in Allah, find sustenance for your children in noble fashion, say the kind words to your husband or wife, pamper your child by paying attention to him for a moment, play with him, brought him up in goodness, visit the sick, then we are fulfilling the requirements of Islam. Subsequently, we are earning countless rewards for our goodness in both worlds. This is the way of life in the Islam. Every word and deed that is pleasing to Allah is a charity, a reward. As the Messenger of Allah, may Allah bless him and grant him

Өзімізге қалаған нәрсені өзгеге де қаласақ – онда біз Алла елшісі айтқандай, иманы толық мұсылман болғанымыз.

Алла елшісі хадис-шарифінде: «Дін – насихат», – деген. Құранның тым болмағанда бір аятын, пайғамбардың бір сөзін өзгеге жеткізу – мұсылманның міндеті. Әрбір адам қоғам арасында жақсылықты, игі істерді, ізгілікті, адамгершілік құндылықтарды насихаттауы тиіс деп есептеймін. Мүфтияттың негізгі жұмыстарының бірі де бірегейі – халықты діни сауаттандыру, жұртымызды жақсылыққа жұмылдырып, имандылыққа, бірлікке, ізгілікке ұйыту.

Біз санаулы мерзім ішінде медресе жұмыстарына елеулі реформалар жасадық. Медреселердің оқу бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Міндетті діни пәндерден бөлек қазіргі заман талабына сай қоғамдық пәндер қосылды. Медреселеріміз колледж деңгейіне көтерілді. Қабылданған жаңа Жарғы бойынша медресе-колледж деп аталады. Демек, медресе-колледжімізді бітірген шәкірт кез келген мемлекеттік мекемеде діни және зайырлы мамандықтар бойынша қызмет ете алады деген сөз. Бұл – болашақ дін қызметкерлері үшін үлкен мүмкіндік, зор жетістік.

2015 жылы елордамызда өткен I республикалық имамдар форумында «Бүгінгі имамның келбеті», «Дін қызметкерінің этикасы» атты тарихи құжат қабылдадық. Бұл құжаттардың мақсаты – XXI ғасырға лайық имамдар тобын дайындау. Қоғамда дін қызметкерінің беделі мен ықпалын арттыру. «XXI ғасыр имамы» деген жоба аясында жер-жерде дін қызметкерлері арасында интеллектуалды сай-

полненная назиданиями ислама. Каждое благое слово – это воздояние и милостыня. Как наставлял наш Пророк если будем желать другому того же, что желаем и себе, тогда мы будем считаться настоящими мусульманами с полной верой.

Посланник Аллаха в своем хадисе говорил «Религия – это наставление». Донесение до других хотя бы одного аята Корана или одного хадиса Пророка считается обязанностью мусульманина. Думаю, что каждый человек должен пропагандировать среди общества доброту, благородные поступки, гуманизм, нравственные ценности. Одним из главных направлений работы Муфтията является религиозное просвещение народа, призыв к благому, нравственности, единству и вере.

За считанные сроки мы сделали серьезные реформы в работе медресе. Внесли изменения и дополнения в учебные программы религиозных исламских школ. Помимо обязательных исламских дисциплин, были добавлены современные общественные дисциплины. Наши исламские очаги духовности получили статус колледжа, и по принятому уставу медресе стало называться колледжом. Следовательно, студент закончавший данное учебное заведение, может работать в любом государственном учреждении по религиозным и светским специальностям. Это большой шанс, и огромная возможность для будущих священнослужителей.

В 2015 году в I Республиканском форуме имамов были приняты исторические документы «Облик современного имама» и «Этика религиозного служителя». Цель этих документов – подготовить группу имамов XXI века. Повышение

peace, informed that If we wish anything for ourselves and the same for others then we are complete Muslims.

The Messenger of Allah said in a hadith that Islam is guidance. It is the duty of a Muslim to convey at least one verse of the Quran and one word of the Prophet. I believe that everyone should convey the goodness, good deeds, virtues and moral values in society. One of the main tasks of the Spiritual Administration is to educate the people religiously, mobilize our people for doing good and unite them in morality, unity and goodness.

In a short period of time, we have made significant reforms in the work of Islamic schools. Curricula of Islamic schools were changed and additions were made. In the extension of studying the compulsory Islamic subjects, modern social sciences were added. Our Islamic schools have risen to the level of colleges. According to the new Charter, they named as madrasah-colleges now. This represents that a graduate of our madrasah-college can work at any public institution in the field of Islam and secular sciences. This is a great opportunity for future Islamic workers, a great achievement!

We adopted historical documents entitled “The image of today’s imam” and “The ethics of the religious workers” at the I Republican Forum of Imams in 2015. The purpose of these documents is to prepare a group of imams of the XXI century by increasing the prestige and influence of the imams in the society. Within the framework of the project “Imam of the XXI century” intellectual competitions were organized among the imams.

ыстар ұйымдастырылды.

2015 жылы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Орталық Азия ғұламаларының форумын өткізді. Тәжікстанның, Қырғызстанның Бас мүфтилері, ғұлама-ғалымдары қатысты. Форумда Діни басқарманың Орталық Азияның қалыптасқан исламдық дәстүрлі ағарту мектебінің рөлін, ықпалын арттыру туралы бастамасын ғұламалар бірауыздан қолдады. Біртұтас мұсылман үмметін қалыптастыру, сан ғасырлық тарихы бар діни ұстанымды қайта жаңғырту туралы идея көпшілік қолдауға ие болды. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Исламның Орталық Азия мектебінің ұстанымдарын қайта жаңғыртуда көшбасшы бола алады.

Алла Тағала болашаққа басқан қадамымызды баянды етіп, екі дүниеде де жүзімізді жарық еткей! Әрқашан еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 30 жылдық торқалы тойы құтты болсын! Мүфтият ұжымына бірлік пен татулық, жұмысына береке тілеймін!

Ержан қажы МАЛҒАЖЫҰЛЫ
2013-2017 жылдардағы
ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти

авторитета имама в обществе. В рамках проекта «Имам XXI века» проводились интеллектуальные соревнования среди священнослужителей.

В 2015 году Духовное управление мусульман Казахстана провела форум улемов Центральной Азии. На международном форуме приняли участие верховные муфтии, ученые Таджикистана и Кыргызстана. На форуме единодушно поддержали инициативу Духовного управления о повышении роли и значения Центрально-Азиатской традиционной исламской школы просвещения. Публичной поддержкой стала идея формирования единой мусульманской уммы, возрождения религиозной позиции с многовековой историей. Духовное управление мусульман Казахстана имеет огромную возможность стать лидером в возрождении принципов Центрально-Азиатской мусульманской школы.

Пусть Всевышний сделает наше будущее плодотворным и озарит наши лица в обоих мирах! От всей души поздровляю Духовное управление мусульман Казахсатана с 30-летним юбилеем! Желаю коллективу муфтията успехов и удачи в работе!

Ержан хаджи МАЛГАЖЫУЛЫ,
Председатель ДУМК, Верховный
муфтий в 2013-2017 годах

The Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan organized a Forum of the Central Asian scholars in 2015. The Forum was attended by the Supreme Muftis and scholars of Tajikistan and Kyrgyzstan. The forum unanimously supported the initiative of the Spiritual Administration to enhance the role and significance of the Central Asian traditional Islamic school of education. The idea of forming a single Muslim Ummah, reviving a centuries-old Islamic continuity, was widely supported. The Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan has a great opportunity to become a leader in the revival of the principles of the Central Asian Muslim School.

May Allah Almighty bless our path in both worlds! May our land be stable and people in peace! Congratulations on the 30th anniversary of the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan! I wish the staff of the Spiritual Administration unity, peace and prosperity in their work!

Yerzhan Haji MALGAZHYULY
The Chairman of the Spiritual
Administration of Muslims of
Kazakhstan, Supreme Mufti
2013-2017



Серікбай қажы ОРАЗ
2017-2020 жылдардағы ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти

Серикбай хаджи ОРАЗ
Председатель ДУМК, Верховный муфтий в 2017-2020 годах

Serikbay Haji ORAZ
The Chairman of the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan, Supreme Mufti in 2017-2020

ДІН ЖӘНЕ АМАНАТ

Дін – Алланың аманаты. Бұл – күллі пайғамбар жолы. Дін қызметкері – қоғамда қараңғы түнде қолына шырақ ұстап, жол бастайтын шамшырақ іспетті тұлға. Бір адамның ақ ниеті мен жансебіл амалының нәтижесінде қоғамның түзелуі – Алланың хикметі. Осы хикмет пен нығметтің мұрагері – дін қызметкері. Әрине, біз өзіміз қалыптастырып келе жатқан діни жолымызды сақтап, әлі де жетілдіруіміз қажет. Ол үшін ең әуелі бірлік керек. Бірлігімізге мығым болайық. Әз пайғамбар (оған Алланың салуаты мен сәлемі болсын) соңғы құтпасында: **«Мен араларыңнан кеткеннен кейін өзара тартыспаңдар»**, – деген қасиетті хадис-шарифі барша адамзаттың амал етер ұлағатты ұстанымы болуы тиіс.

Адамзат тарихынан қай елде бірлік жоғалса, сол жер-

РЕЛИГИЯ И АМАНАТ

Религия – это аманат Всевышнего. имам в свою очередь – это личность, которая оживляет общество благим нравом. Изменение общества посредством хороших намерений и благих поступков одного человека – это знак величия Творца. Наследником этого величия является священнослужитель. Конечно же, нам важно сохранять и развивать тот духовный путь, который мы свами сформировали. Для этого прежде всего необходимо единство и сплоченность. Пророк Мухаммад (Да благославит его Аллах и приветствует) в своей последней хутбе (проповеди) говорил: **«После моего ухода из этой жизни не соперничайте между собой (в порицаемом)»**. Этот священный хадис должен быть позицией всего человечества.

Как мы знаем из истории человечества, страна в которой

RELIGION AND TRUST

Religion is entrusted from Allah. We must cherish and preserve it like the apple of our eye.This is the path of all the prophets. Islamic clergy is a beacon of light in a dark night. The ability to improve society by one's pure intention and good deeds is the greatest gift of God. The carrier of this wisdom and grace is the Islamic clergy. Surely, we shall improve the way we develop our religion. First of all, we require unity. The hadith of the Prophet (peace and blessings of Allah be upon him) in his last sermon strongly suggested **"Do not quarrel with each other after I have left you"** should be a noble principle for all mankind to follow.

It is known from the history if there is no unity, there is a defeat. Happiness and prosperity can only be achieved in a

де жеңіліс болғанын білеміз. Бақыт пен береке ынтымаққа ұйысқан елде ғана баянды болады. Жаратушы Жаббар Иеміз қасиетті Құранда барша адамзат баласына: **«Алланың жібінен мықтап ұстаңдар, ажырап бөлінбеңдер»** («Әли-Имран» сүресі, 103-аят), – деп бұйырған.

Жамағаттың бірлігі мен ынтымағы – маңызды мәселе. Бұл істе Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының атқарып жатқан жұмысы үлкен маңызға ие. Мешіт есігі барлық адамға ашық. Ал имамдар ешкімді тегі мен ұлтына бөлмей, насихатын айтып, мешіттің қаржылық мүмкіндігіне қарай қайырымдылық жасайды, осылайша өзіне жүктелген міндетті қалтқысыз орындауға тырысады.

Дін қызметкерінің басты міндеті – халықты имандылыққа ұйытып қана қоймай, бірлік пен игілікке үндеу, жалпы жұртшылықты жақсылыққа жұмылдыру. Бірлік пен ынтымақты насихаттау қашан да маңызды істің бірі болып қала береді. Өйткені, бірлік пен игілік салтанат құрған қоғамда ғана дін өркендейді, халық бейбіт өмір сүреді. Бейбіт өмірдің қадірін білген халқымыз қашан да татулықты ту еткен.

Жері ұлан-ғайыр, ал адам саны аз қазақ ұлты үшін ынтымақ пен татулық – ауадай қажет нығметтің бірі. Осы күнде аз қазақтың басын біріктіруді көбірек ойлап қана қоймай, осы бағытта іргелі істерді жүзеге асырған абзал. Біз бүгінде жаһандық заманда көптеген сын-қатерлер мен қақтығыстармен бетпе-бет келіп отырмыз. Солардың бірі – дінге бөлінушілік, сенім қайшылығы. Бұл – өте қауіпті көрініс. Сенім қайшылығы келеңсіз жағдайне было единства всегда терпела порожение. Благополучие и счастье будет в той стране, где царит мир и согласие. Творец всего человечества Всевышний Аллах в Коране повелевает: **«Крепко держитесь за вервь Аллаха все вместе и не разделяйтесь...»** (сура «Али-Имран», 103-аят).

Единство и сплоченность джамаата – важная задача. В этом деле большое значение имеет работа Духовного управления мусульман Казахстана. Нужно отметить, что двери мечети открыты для всего человечества. А имамы, не разделяя людей на их происхождение и национальность, пропагандируют добро, делают благотворительность, тем самым стараются неукоснительно выполнять возложенные на них обязанности.

Главная задача имама – не просто призывать народ к вере и морали, а также к единству и благополучию, в целом мобилизовать общественность к созидательному. Пропаганда мира и согласия всегда остается одним из важных дел. Ведь только в обществе, где царят единство и благополучие процветает религия, а народ живет мирно. Наш народ, который знал цену мирной жизни, сохранял его как зеницу ока.

Для нас с малой численностью населения и большой территорией мир и согласие – это один из необходимых и жизненноважных даров. В наши дни нужно не только думать о единстве, но и совершать фундаментальные поступки в этом направлении. Сегодня мы сталкиваемся с многочисленными вызовами и конфликтами в глобальном мире. Один из них - религиозные разногласия и противоречия в вероисповедании. По сути своей, мы наблюдаем страшную картину происходяunited country. Almighty Allah commands to all human beings in the Holy Quran to **"Hold firmly to the rope of Allah all together and do not become divided"** (Surah Al-'Imran, 103).

The unity and solidarity of the community is an important matter. The work of the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan in this regard has a great importance. The doors of the mosques are open to everyone. Imams, on the other hand, do not discriminate on the basis of race or nationality, but preach and donate according to the financial capacity of the mosque, thus trying to fulfill their duties.

The main task of the imam is not only to inspire the people to morality, but also to call for unity and prosperity, as well as mobilize the general public for the goodness. Promoting unity and solidarity will always be one of the most important things. After all, only in a society where unity and prosperity prevail, religion will prosper and the people will live in harmony. Our people who know the value of a peaceful life, always have been flagmen of harmony.

For the Kazakh nation, who owns the vast land and where the population is small, unity and peace are one of the most needed strengths. Today, it is necessary not only to think more about uniting the few Kazakhs, but also to carry out fundamental work in this direction. Nowadays we face many challenges and conflicts in the world. One of them is religious divisions and contradictions. This is a very dangerous matter. We witness that the conflict in faith leads to dangerous situations.

Unfortunately, this danger has also befallen us. The faith is a desire of the heart, a delicate

ларға әкеп жатқанын айналадан көріп отырмыз.

Өкінішке қарай, осы қауіп біздің де іргемізге келді. Сенім – жүрек қалауы, нәзік мәселе. Осы нәзік мәселені адамдар арасында дауға, айтыс-тартысқа айналдырудың арты жақсылық әкелмейтінін жақсы білеміз, жақсы сезінеміз. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының еліміздегі күллі исі мұсылман баласын салт-дәстүрімізбен өзара үйлесетін төл мәзһабымыз – Әбу Ханифа мәзһабын ұстануға үндейтіні сондықтан. Бір мәзһабты ұстану арқылы бірлігімізді көрсетуіміз керек. Ынтымағы жарасқан елдің бағындырар белесі көп болмақ. Елдің игілігі жолында қызмет етіп жүрген барша дін қызметкерлеріне Жаратқан жар болсын!

Жаратушы Иеміз баршамызды жақсылықта, сауапты істерде, берекелі басқосуларда жолықтырғай!

Серікбай қажы ОРАЗ
2017-2020 жылдардағы
ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти

щих событий. Мы видим, что конфликты разгоревшиеся на почве веры и религии приводят к необратимым последствиям.

К сожалению, эта угроза не обошла и нас. Вера – это желание сердца, очень хрупкая тема. Мы хорошо осознаем, что превращаясь в споры и дебаты этот тонкий вопрос не принесет добра людям. Поэтому Духовное управление мусульман Казахстана призывает всех мусульман страны придерживаться Ханафитского мазхаба, который тесно связан с традициями и обычаями нашего народа. Мы должны проявить единство, придерживаясь одного мазхаба. С уверенностью скажу, что народ с прочным единством в будущем покорит не мало вершин. Пусть Всевышний Аллах воздаст всем людям, которые работают на благо нашей страны и религии!

Пусть Всевышний сплотит нас всех в благих начинаниях!

Серикбай хаджи ОРАЗ
Председатель ДУМК, Верховный
муфтий в 2017-2020 годах

matter. We know and feel that turning this delicate issue into argument between people will not bring any goodness. That is why the Spiritual Administration of the Muslims of Kazakhstan encourages all Muslims in the country to follow our own madhhab, the Abu Hanifa Madhhab, which is in harmony with our traditions. We must show our unity by following one madhhab. A united country will have a lot to conquer. May God be with all the servants who work for the goodness of the country!

May the Lord bless us to meet each other in goodness and glorified gatherings! Happy 30th anniversary!

Serikbay Haji ORAZ
The Chairman of the Spiritual
Administration of Muslims of
Kazakhstan, Supreme Mufti
2017-2020



Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ
мемлекет және қоғам қайраткері

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ
государственный и общественный деятель

Mr. Myrzatay Joldasbekov
Civil servant and public figure

КӨКТЕН СҰРАҒАНЫМ ЖЕРДЕН ТАБЫЛДЫ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының тыныс-тіршілігі мен жұмысынан хабардар жанның бірімін. Мүфтияттың іс-шараларынан қалмауға тырысамын. Өмірде көрген, ойға түйген дүниелерді айтып жүремін.

Діни басқарманың маған ұнаған ісі – дін мен дәстүрді сабақтастырып, уағызға қосып, жамағатқа насихат айтып жүргені. Кезінде Ержан қажы Малғажыұлы мүфти болғанда имам-молдалар үшін «Дін мен дәстүр» жылы деп жариялады. Дін мен дәстүр сабақтастығын баяндайтын бір емес, екі кітапты жамағат арасында таратты. Өзім де оқып шығып, көңілім марқайып қалды.

Осындай игі бастамаға қуанып «бәрекелді» деген жанның бірі мен болдым. «Дін мен дәстүр» идеясы – көптен бері көктен сұрап, жерден таба алмай келе жатқан мәселе еді. Сондықтан бұл бастаманы қос қолдап құптадым. Өйткені, дін қызметкерінің ел үшін жасаған әрбір қайырлы іс-амалы ертеңгі ұрпақ үшін тарих, өнеге болып қалады. Осы ретте атап өтетін жайт, қоғамға бірлік пен ізгілікті насихаттап келе жатқан бірден-бір мекеме – осы мүфтият. Мұны ашық айтуымыз керек.

Мүфтият «Жеті рухани қазық» тұғырнамасын қабылдады. Осы құжатта жазылған имандылық, отаншылдық, еңбекқорлық, мәдениеттілік, әдептілік, әділеттілік сынды құндылықтар көгілдір экраннан насихатталса деген тілегім бар. Телеарнада ток-шоуларды көбейтпей, адамның санасын оятатын дүниелерді көбірек беру керек. Осы «Жеті рухани қазықты» өмірімізге темірқазық етіп алсақ, біз ешкімнен кем болмаймыз.

Өмірімде дүние жиған адам емеспін. Менің байлығым – кітаптарым. Кітапқұмар пенденің бірімін. Жүрген жерімде кітап жинап, өзім жазған еңбектерімді өзгеге сыйлап жүремін. Осы ісімнен ерекше қуат аламын. Қазір кітап оқудан қалып барамыз. Телефон деген нәрсе кітап оқуды ұмыттырып жатыр. Жастарымызға көбірек кітап оқытуымыз керек. Кітапты өміріне серік еткен адам парасатты болады. Ал парасатты адам халыққа адал қызмет етеді.

Парасатты, иманды тұлға қалыптастыруға үлес қосып келе жатқан мүфтият ұжымын 30 жылдық торқалы тойымен құттықтаймын. Ең әуелі өзара ауызбіршіліктеріңді сақтаңдар. Жұрт сендерден үлгі алсын. Алла Тағала жұмыстарыңа береке берсін!

МОЯ МЕЧТА ВОПЛОТИЛАСЬ В ЖИЗНЬ

Я один из тех, кто в курсе жизнедеятельности и работы Духовного управления мусульман Казахстана и стараюсь участвовать во всех мероприятиях Духовного управления. Всегда делюсь своими идеями и мыслями.

Деятельность Духовного управления, которое мне понравилось – наставление джамаата, сохранив тесную взаимосвязь традиции и религии. Духовное управление мусульман Казахстана объявило 2016 год годом «Религии и традиции». Выпустил две книги, рассказывающие о взаимосвязи ислама и казахской традиции.

Идея взаимосвязи ислама и казахской традиции - это то, чего я искал многие годы. Поэтому я поддержал эту инициативу. Так как, каждый благой поступок священнослужителя является примером для молодого поколения. В этой связи следует отметить, что Муфтият – это единственная организация, которая пропагандирует единство и милосердие в обществе. Об этом мы должны открыто заявлять во весь голос.

Муфтият принял платформу «Семь духовные опоры». Есть пожелания, чтобы такие ценности, как духовность, патриотизм, трудолюбие, культурность, этичность и справедливость были пропагандированы через телевидение. В телевизионном канале нужно больше передавать вещи, которые могут пробудить сознание человека. Если сделаем «Семь духовные опоры» нашей путеводной звездой, то сможем достичь любых высот.

Меня никогда не интересовали деньги. Мои богатства – это мои книги. Где бы я ни находился, всегда собирал книги и дарил их другим. От этого дела я получаю особую энергию и удовольствие. Сейчас мы отстаем от чтения, а сотовый телефон все больше отвлекает нас от него. Мы должны стимулировать молодежь к чтению. Человек, который сделал книгу себе товарищем, будет здравомыслящим. А здравомыслящий человек всегда будеть неустанно служить народу.

Поздравляю с 30 летием коллектив Муфтията, которые внесли колоссальный вклад в формирование здравомыслящих и духовных личностей! Прежде всего, сохраняйте взаимопонимание, чтобы другие брали пример с вас. Пусть Аллах одарит благополучием в работе!

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ
государственный и общественный деятель

I LONGED SO LONG AND MY DREAM CAME TRUE

I am one of those who is aware of the life and work of the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan. I try not to miss the events of the Spiritual Administration. I always try to share my experiences and thoughts on various occasions.

I would like to highlight the work of Islamic clergy where they interconnect Islam and tradition in their preaching. The Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan has declared 2016 the year of «Religion and Traditions». He distributed not only one, but two books on the continuity of religion and tradition among the public. I read it myself and it was satisfying very much.

I was one of the luckiest people to witness such a good initiative. The idea of religion and tradition has been a question of heaven and earth for a long period of time. Therefore, I wholeheartedly supported this idea. After all, any good deed done by a Islamic servant for the country will become a history and example for future generations. It should be noted that the Spiritual Administration is the only institution that promotes unity and goodness in the society. We should mention it faithfully.

The Spiritual Administration has adopted the concept of “Seven Spiritual Pillars”. I hope that the values of morality, patriotism, diligence, culture, decency, justice that is mentioned in the above concept will be promoted by the TV too. We should not increase the number of talk shows on the TV channel, but broadcast programs that awaken the consciousness of human beings. If we take these “Seven Spiritual Pillars” as a guiding star in our lives we will be no less than others.

I do not have any possessions. My wealth is my books. I am one of the book worms. Wherever I go, I collect books and gift my works to others. I gain energy from it. Nowadays our reading is decreasing. The phone makes you forget to read. We shall teach our youth to read more. Anyone who befriend reading the book becomes a prudent man. A prudent person serves the people faithfully.

I congratulate the staff of Spiritual Administration that contributes to the formation of an intelligent, faithful person on its 30th anniversary! First and foremost, you shall be united. Let people follow your example. May God Almighty bless your work!

Mr. Myrzatay Joldasbekov
Civil servant and public figure



Мұрат ЖҰРЫНОВ
Ұлттық ғылым академиясының президенті, академик

Мурат ЖУРЫНОВ
Президент Национальной академии наук, академик

Murat ZHURYNOV
President of Kazakhstan Academy
of Sciences, Academician

ДІНСІЗ БОЛАШАҚ ЖОҚ

Біздің балалық шағымыз ауылда өтті. Ата-әжемізге ілесіп, ауызашарға барып, айт мерекелерін тойлап, мәре-сәре болушы едік. Ата мен әженің тәрбиесін көрген баланың бойында имандылық құндылықтары қалыптасады. Біз де ауылдағы мешіттің ауласында ойнап, азан дауысын естіп өстік. Менің ойымша, бір ауылда бір мешіт міндетті түрде болу керек. Өйткені, мешіт ауылға береке кіргізеді. Мешіт ешуақытта көптік етпейді. Тағы да қайталап айтамын, мешіт көріп өскен бала жамандыққа жуымайды.

Кез келген мемлекет даму үшін оның алғышарттары болады. Соның бірегейі – имандылық. Адам рухани тұрғыдан бай болмаса, оның қолындағы байлықтан да, биліктен де қайыр жоқ. Имансыз адам әділетсіздікке жол береді. Әділетсіз адам қоғамға қиянат жасайды. Айта берсек, зардабы өте көп.

Ислам озық ой мен прогрестің діні ретінде қай кезде де ғылыми-ағартушылық бағытты негіз етіп алды. Сондықтан да адамзатты білімге, оқуға үндеді.

Ислам діні қоғамдағы кез келген келеңсіз мәселені шешуге қауқарлы. Қазір әлем елдері қарақшылықтан, ұрлық-қарлықтан, жезөкшелік пен нашақорлық дертінен айығудың жолын таппай, сарсаңға түсуде. Ал Ислам діні мұндай қатігездік пен күнәға жол бермейді. Сондықтан біз өз ата дінімізге деген көзқарасымызды түзеуіміз керек.

Біз қанша жыл дінге қарсы саясатты бастан кештік. Сонда да Аллаға деген сенімге селкеу түсірмедік. Расында, рухани құндылықсыз болашаққа қадам баса алмаймыз. Дін мен тіл – қос қанатымыз. Осы қос құндылықты халық арасында көбірек насихаттасақ, қоғам ізгілікке ұмтыла бастайды.

Осы ретте асыл дінімізді халқымызға насихаттап, дәстүрімізді дәріптеп келе жатқан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұжымына алғыс айтамын.

30 жылдық мерейлі мерекелеріңіз құтты болсын. Еңбектеріңіздің жемісін көріңіздер. Алла баршамызға жар болсын!

НЕТ БУДУЩЕГО БЕЗ РЕЛИГИИ

Наше детство проходило в селе. Ходили вместе с дедушкой и бабушкой на ифтар и отмечали праздники айт. У ребенка, пропитанного воспитанием дедушки и бабушки, невольно формируются нравственные ценности. Мы играли во дворе мечети и росли, слушая призыв к молитве - азан. Я думаю, что в одном селе непрепенно должна быть хоть одна мечеть. Потому что, мечеть – признак благополучия. Мечетей никогда много не бывает. Еще раз говорю, что ребенок, познавший дух мечети, никогда не омрачится злом и ненавистью.

Для развития любого государства должны быть его предпосылки. Одна из них – благой нрав человека. Духовно опустошенному человеку, нет прока ни от материального богатства, ни от власти и чина. Человек у которого отсутствует вера всегда будет несправедливым по отношению к другим. Несправедливый человек несет большой вред обществу. Думаю что этого достаточно чтобы познать истинную ценность нравственности.

Ислам, как религия прогресса и прогрессивного мышления, всегда является основой научно-просветительского направления. Поэтому призывает человечество к знаниям.

Ислам способен решить любые негативные устои в обществе. В современных реалиях мир не в силах найти пути выздоровления от разбоя, кражи, проституции и наркомании. Если взглянуть на эти пагубные вещи через призму Ислама то они считаются грехом, и за ними следуют различного рода наказания. Поэтому мы должны в очередной раз взглянуть вглубь устоявшихся стереотипов, и изменить свое отношение к религии.

На протяжении скольких лет мы переживали антирелигиозную политику. Тем не менее, мы смогли сохранить веру во Всевышнего Творца. Действительно, без духовных ценностей невозможно шагнуть в будущее. Религия и родной язык – две наши ценности. Если будем больше пропагандировать эти ценности среди населения, то оно само по себе начнет стремиться к благонравию.

В этой связи я благодарен коллективу Духовного управления мусульман Казахстана, который пропагандирует традиционный ислам.

С 30 летием! Пожинайте плоды своих трудов! Пусть Аллах будет покровителем для всех нас!

Мурат ЖУРЫНОВ
Президент Национальной
академии наук, академик

NO FUTURE WITHOUT RELIGION

We spent our childhood in the village. We would accompany our grandparents to go to a feast for the celebration of Eid, and so on. A child raised by grandparents would always contain values of faith. As well, we grew up playing in the yard of the village mosque and hearing the call to the prayers. I think there should be at least one mosque in one village. Since the mosque brings prosperity to the village. The existence of the mosque will not be extra at any time. I would repeat myself by saying that a child who grew up around the mosque would not come out evil.

There are prerequisites for the development of any state. One of them is morality. If a person is not rich spiritually, there is no gain in his wealth or power. An immoral person commits injustice. An unjust person abuses society. The consequences are uncountable.

Islam, as a religion of forward-thinking and progress, has always been the basis of scientific and educational pursuits. In true essence, it is calling the mankind to seek knowledge and constant learning.

Islam is able to solve any odd situations in the society. Today's world is plagued by piracy, theft, prostitution, and drug abuse where no one can find solutions for these social diseases. As for the religion of Islam, it is not allowed for such cruelty and sin. That is the reason we shall change our attitude towards our ancestral religion.

We have experienced various policies against Islam for many years. Even though we did not give up our faith in God. Indeed, we cannot step into the future without spiritual values. Religion and mother tongue are our true essence. If we promote these two values more among the people, eventually the society will start to strive for goodness.

In this regard, I am grateful to the staff of the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan, which promotes traditional Islam.

Happy 30th anniversary! I wish you to gain the prosperity of your noble work. May God bless us all!

Murat ZHURYNOV
President of Kazakhstan Academy
of Sciences, Academician



Әділ АХМЕТОВ
мемлекет және қоғам қайраткері

Адил АХМЕТОВ
государственный и общественный деятель

Adil Akhmetov
Civil servant and public figure

МҰФТИЯТ – МҰСЫЛМАННЫҢ ҚАРАШАҢЫРАҒЫ

Қай кезеңде болсын мемлекеттің тірегі, рухани іргетасы мықты болу керек. Қазақта «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деген сөз бар. Бұл – Құдайдан безген адамнан без деген сөз. Біз Алладан қорқу дегенді отбасымызда бала-шағамыздың санасына сіңіріп жүрміз бе? Ең әуелі баршамызды осы сұрақ мазалауы тиіс. Тәрбиесіз берілген білім қауіпті екенін әркез айтып жүрміз. Өйткені, тағы да қайталап айтамын, Алладан қорықпаған ешнәрседен қорықпайды.

Except organizing charitable events at various scales, the Department of Charity and Donations of the Spiritual Administration contributes to the provision assistance of citizens, the opening of private charitable institutions of the Spiritual Administration, the education of the younger generation and try to find the solution to social problems. Moreover, the department supports the promotion of Islam through spiritual and cultural events.

The Spiritual Administration started to open their own charities since 2019. It has established 18 modern charitable organizations for children from low-income families, orphans and students in need. There 457 children are studying in these institutions.



ҚМДБ жанындағы Қайырымдылық мекемелерінің ашылу рәсімі

Открытие Благотворительных учреждений при ДУМК

The opening ceremony of charitable institutions under the auspices of the Spiritual Administration





Көпір ел игілігіне берілді. Алматы қаласы

Мост был предоставлен для блага страны. Город Алматы

The bridge was given to the benefit of the country. Almaty city

БАСПА ЖӘНЕ АУДАРМА БӨЛІМІ
ОТДЕЛ ИЗДАТЕЛЬСТВА И ПЕРЕВОДА
THE DEPARTMENT OF PUBLICATION AND TRANSLATION

Дініміздің асыл құндылықтарын қалың бұқараға жеткізу – бүгінгі күннің басты талабы. Осы орайда 2019 жылы ҚМДБ-ның Баспа және аударма бөлімі ашылды. Бөлім меңгерушісі болып Мұрат Манапұлы тағайындалды. Діни басқарма жанынан газет-журналдар мен кітаптар шығаруға жіті мән беріп келеді. Дін тақырыбында сенімді әрі толыққанды мағлұмат беру – Діни басқарманың негізгі бағыты. Осы орайда, ҚМДБ жанынан жарық көретін «Мұнара» газеті мен «Иман» журналы ізгіліктің жаршысына айналды.

1) ҚМДБ-ның мерзімді басылымдары

«ИСЛАМ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТ» ГАЗЕТІ

Айына бір рет шығатын «Ислам және өркениет» газеті 2001 жылғы қаңтардан бастап жүйелі шыға бастады. Алғашқы жылы 5 мың данамен сегіз бет болып таралды. 2007 жылдары басылымның таралымы 50 000 данаға жетіп, айына 3 рет шығатын болды.

Заман талабына сай газетті жаңа форматта шығару мақсатында, аталған газеттің орнына 2019 жылдың қазан айынан бастап «Мұнара» газеті шыға бастады.

Правильное донесение ценностей нашей религии – главное требование сегодняшнего дня. В этой связи, в 2019 году был открыт отдел издательства и перевода ДУМК. Заведующим отделом был назначен Мурат Манапулы. Отдел уделяет большое внимание изданию газет, журналов и книг при ДУМК. Преподнесение достоверной и исчерпывающей информации о религиозной тематике – одно из основных направлений Духовного управления. В связи с этим, газета «Мұнара» и журнал «Иман», изданные при ДУМК, стали глашатаем благонравия.

1) Периодические издания ДУМК

ГАЗЕТА «ИСЛАМ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТ»

С января 2001 года газета «Ислам және өркениет», выходящая один раз в месяц, начала систематически издаваться. В первый год распространилось 5 тысяч экземпляров с восемью страницами. В 2007 году тираж издания достиг 50 000 экземпляров и выходил 3 раза в месяц.

В целях создания нового формата газеты, отвечающего современным требованиям, с октября 2019 года начала выходить газета «Мұнара».

Nowadays, one of the main responsibilities is to convey the values of our religion Islam to the public. In this regard, the Department of Publishing and Translation was established in 2019 and Murat Manapuly has been appointed as head of the department. In this regard, the Department of Publication and Translation of the Spiritual Administration contributes by conveying the values of our religion Islam to society and paying close attention to the publication of Islamic newspapers, magazines, and books. The main purpose of the department is to provide reliable and accessible information on Islamic matters. As a herald of goodness, "Islam and Civilization" and "Munara" newspapers and the "Iman" magazine have been published under the supervision of the Spiritual Administration.

1) The periodicals of the Spiritual Administration as follows:

ISLAM AND CIVILISATION NEWSPAPER

The monthly newspaper, Islam and Civilization, has been published regularly since January 2001. In the first year, it was distributed in 8 pages in 5,000 copies. After that, the distribution has increased into 50,000 copies with periods of three times a month in 2007.

To keep pace with time, the newspaper has transformed into a new format and renamed into Munara in October 2019.









«МҰНАРА» ГАЗЕТІ

2019 жылдың қазанында елордада өткен III республикалық имамдар форумы қарсаңында мүфтияттың төл «Мұнара» рухани-танымдық газеті оқырманға жол тартты. Айына 2 рет жарыққа шығады. Меншік иесі – «Мүфтият баспасы» ЖШС. Газеттің таралымы 2020 жылы 30 мың данаға жетті.

«Мұнара» объективті ақпарат таратумен қатар, салт-дәстүр, тарих, білім, медицина, т.б. салалар бойынша ғалымдардың ізденістерін, зерттеу мақалаларын тұрақты түрде жариялайды.

ГАЗЕТА «МҰНАРА»

В преддверии III Республиканского форума имамов, который прошел в октябре 2019 года в столице духовно-познавательная газета ДУМК «Мұнара» была представлена читателям. Газета выходит 2 раза в месяц. Собственник-ТОО «Муфтият баспасы». Тираж газеты в 2020 году достиг 30 тысяч экземпляров.

«Мұнара» наряду с распространением объективной информации, регулярно публикует исследовательские статьи ученых по отраслям традиции, истории, образования, медицины и т.д.

THE MUNARA NEWSPAPER

At the III Republican Forum of Imams, the spiritual and educative newspaper of the Spritual Administration Munara has been presented into the attention of the readers on October 22, 2019. It is published twice a month. The owner of the press is Muftiyat Publishing House LLP. The distribution of the newspaper has reached 30 thousand copies in 2020.

Apart from providing reliable information, it publishes information about tradition, history, education, medicine, etc. As well as, regular publications regarding the research papers of scientists in the various fields.



























«Мұнара» газетінің қанатқақты нөмірі
Первый номер газеты «Munara»
Pilot issue of the newspaper «Munara»















«ИМАН» ЖУРНАЛЫ

ҚМДБ-ның төл басылымы ¬– «Иман» журналы 2003 жылы шыға бастады. Журнал жұмысы Діни басқарманың сол кездегі баспасөз хатшысы, тәжірибелі журналист Оңғар қажы Өмірбекке жүктелді.

2003 жылы алғашқы саны 3000 данамен шықты. Еліміздің мешіттері арқылы оқырманына жол тартқан басылымның таралымы бұл күнде 22 мың данадан асты. Қазір басылымның жарық көрген нөмір саны 200-ге жақындады.

ЖУРНАЛ «ИМАН»

Исламско-позновательный журнал ДУМК «Иман» начал издаваться в 2003 году. Работа журнала была возложена на бывшего пресс-секретаря Духовного управления, опытного журналиста Онгара хаджи Омирбека.

В 2003 году первый выпуск вышел в количестве 3000 экземпляров. Тираж издания в этот день превысил 22 тысячи экземпляров. Сейчас количество опубликованных номеров издания приблизилось к 200.

THE IMAN MAGAZINE

The original edition of the Iman magazine has been publishing since 2003. The work of the publication was entrusted to Ongar Haji Omirbek, an experienced journalist, the Press Secretary of the Spiritual Administration,

The first issue was published in 3,000 copies in 2003. The distribution of the publication exceeded 22 thousand copies which attracted the readers among the attenders of the mosques of the country. The total number of published issues is close to 200.

2) Діни кітаптар шығару

Адамның ой-өрісін байытып, рухани азық беретін, сауатын жоғарылатып, талап-талғамын қалыптастыратын тәрбие құралы – кітап. Кітап – сарқылмас қазына, баға жетпес құндылықтың бірі. «Артық білім – кітапта» демекші, Діни басқарма қашан да кітап нарығына аса мән беріп келеді. Діни қайраткерлер мен ғалымдарды зерттеу жұмыстарына жұмылдырудың, имам-молдаларды кітап жазуға жігерлендірудің нәтижесінде жаңа азық болар көптеген жақсы еңбектер оқырманға жол тартты.

2) Издание религиозных книг

Книга – это то, что обогащает человеческие мысли, питает духовные корни, это средство воспитания, которое повышает грамотность и формирует вкус у читателя. Книга - неиссякаемая сокровищница, одна из бесценных богатств. Как говорится «Больше знаний бывает в книге», Духовное управление всегда уделяло особое внимание книжному рынку. В результате вовлечения религиозных деятелей и ученых в исследовательскую работу, вдохновления имамов к написанию книг, было издано много хороших трудов.

2) The publication of religious books

The book is an educational tool that enriches the human mind, nourishes it spiritually, improves knowledge and develops the taste. The book is a golden treasure, one of the gems of this world. As it says that a good book is the purest essence of a human soul, the Spiritual Administration always paid attention to the publication of good books. As a result of constant support and encouragement of the Islamic clergy and scholars in research, as well as imams and mullahhs were eager to write books, publications and etc.



«Жұма уағызы» кітабы оқырманға жол тартты
Презентация книги «Жұма уағызы»
Presentation of the book “Friday Sermon”


Дін мен Дәстүр
І кітап


ДІН МЕН ДӘСТҮР
ІІ кітап


ПАЙҒАМБАРЛАР ТАРИХЫ


ПАЙҒАМБАРЛАР ТАРИХЫ


ҚАСИЕТТІ
ҚҰРАН


ПАЙҒАМБАРЛАР ТАРИХЫ


ПӘТУАЛАР ЖИНАҒЫ
Бірінші кітап


ПӘТУАЛАР ЖИНАҒЫ
Екінші кітап


СБОРНИК ФЕТВ
Первая книга


ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ
Ислам әдебі


Сәкібұлы СЕЙІТБЕКОВ
ИМАН негіздері


ШАПАҒАТ ШАМШЫРАҒЫ
ӘЗ МҰХАММЕД


Үміт сәулесі


Дәстүрлі
ИСЛАМ
жауһарлары


Тәлімгер
ПАЙҒАМБАР
ТАҒЫЛЫМЫ


ҚАСИЕТТІ ҚҰРАН КӘРІМНІҢ
АРТЫҚШЫЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ
40 ХАДИС


Ұлы Дала
төсіндегі ИСЛАМ
ИСЛАМ в
великой степи
ISLAM of the
Great steppe


ИСЛАМ
ҒЫЛЫМХАЛЫ


ҚҰРАН ОҚУДЫҢ
САУАБЫ МЕН ӘДЕБІ


ИСЛАМ - ИСТИННАЯ
РЕЛИГИЯ АЛЛАХА


ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ
ЖӘНЕ
ИСЛАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ


ЖҰМА
МІНБЕРІ


ХАДИС-ҒҰРПЫМЫЗ,
СҮННЕТ-САЛТЫМЫЗ


Кемелдік
КІЛТІ
Алау ӘДІЛБАЕВ


Мәзһәбсізбен
СҰХБАТ


Мухаммед
ИСЛАМ
және
ӨНЕГЕ


ӘБУ ХАНИФА


Саңлақ
сахабалар


ТАНЫМ
ТҰҒЫРЫ


ЖҰМА
МІНБЕРІ


ЖАНАЗА
ПАТУАСЫ


МҰБӘРАК
РАМАЗАН


ЖАНАЗА
ЖӘНЕ
ЖЕРЛЕУ РӘСІМДЕРІ


ШЫҒАРМА
БӘЙГЕСІ
2008
Мухаммед


Дін
мен
Діл
1


ИМАНИ
гүл

Қазақстанның мүфтилері Рәтбек қажы Нысанбайұлының «Құран кәрімнің қазақша түсіндірмесі», «Пайғамбарлар тарихы», Әбсаттар қажы Дербісәлінің «Ұлық имам Әбу Ханифа», «Қазақстан мешіттері мен медреселері», «Ислам ынтымақ пен бірлік жолында», Ержан қажы Малғажыұлының «Мүбәрак Рамазан», «Таным тұғыры», Серікбай қажы Ораздың «Тәпсір тұнығы» «Әзірет Сұлтан – Ұлы дала темірқазығы», Наурызбай қажы Таганұлының «Үміт сәулесі», «Мазхабсызбен сұхбат», ҚМДБ Ғұламалар кеңесінің дайындауымен «Пәтуалар жинағының» 2 томы, «Дін мен дәстүр» жинағының 2 томы, ҚМДБ бөлімдерінің әзірлеуімен «Жұма мінбері», «Жұма уағызы», «Жаназа пәтуасы», «Күнделікті діни сауалдарға жауаптар», «Исламдағы таңдаулы 100 сұрақ», «Аллаға мадақ», «Мәуліт бәйге шығармалары», «Намаз оқып үйрену», дін қайраткерлері мен ғалымдары Ершат Оңғаровтың «Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары», «Қасиетті Құран мағынасы мен түсіндірмелері», Смайыл Сейтбековтың «Иман негіздері», Алау Әділбаевтың «Саңлақ сахабалар», «Кемелдік кілті», Алау Әділбаев пен Шәмшат Әділбаеваның «Шапағат шамшырағы – әз Мұхаммед (с.а.с)», «Әбу Ханифа және мәзһабы», Шәмшат Әділбаеваның «Хадис – ғұрпымыз, Сүннет – салтымыз», Қайрат Жолдыбайұлының «Дін мен діл», «Имани гүл», Мұхиддин Исаұлының «Құран кімнің сөзі?», Қ.Жолдыбайұлы мен М.Исаұлының «Ғылымхал», Қалмахан Сейітұлының «Матуриди ақидасы», Құдайберді Бағашардың «Ислам және өнеге», «Менің сүйікті пайғамбарым» т.б. көптеген еңбектер жарық көрді.

Было опубликовано множество трудов таких, как книги муфтиев Казахстана «Казахская интерпретация Корана», «История Пророков» Ратбека хаджи Нысанбайулы, «Великий имам Абу Ханифа», «Мечети и медресе Казахстана», «Ислам на пути единства и согласия» Абсаттара хаджи Дербисали, «Древо познания», «Священный Рамазан» Ержана хаджи Малгажыулы, «Хазрет Султан – путеводная звезда Великой степи», «Кристальный тафсир» Серикбая хаджи Ораза, «Луч надежды», «Диалог с безмазхабником» Наурызбая хаджи Таганулы, 2-х томник «Сборника фетв», 2-х томник книги «Религия и традиция» подготовленные Советом улемов ДУМК, книги «Пятничный минбар», «Пятничная проповедь», «Фетва о джаназе», «Ответы на повседневные исламские вопросы», «100 актуальных вопросов в Исламе», «Восхваление Аллаха», «Сочинения о Маулиде», «Учимся читать намаз» разработанные отделами ДУМК, книги религиозных деятелей и ученых такие, как «Казахская культура и исламские ценности», «Смыслы и интерпретация священного Корана» Ершата Онгарова, «Основы веры» Смайыла Сейтбекова, «Избранные асхабы», «Ключ совершенства» Алауа Адильбаева, «Свет милости – Пророк Мухаммад (с.в.с.)», «Абу Ханифа и ханафитский мазхаб», Алауа Адильбаева и Шамшат Адильбаевой «Хадис – наш обычай, сунна – наша традиция» Шамшат Адильбаевой, «Религия и менталитет», «Цветок веры» Кайрата Жолдыбайулы, «Чье слово Коран?» Мухиддина Исаулы, «Ғылымхал» Кайрата Жолдыбайулы и Мухиддина Исаулы, «Матуридитская акида» Калмахана Сейитулы, «Ислам и назидание», «Мой любимый Пророк» Кудайберди Багашара и т.д.

We could mention notable works of the Supreme Muftis of Kazakhstan, Ratbek Haji Nysanbaiuly's "Kazakh interpretation of Holy Quran"; «History of the Prophets»; Absattar Haji Derbisali's "Abu Hanifa is the Greatest Imam"; "The Mosques and Madrasahs in Kazakhstan»; "Islam on the Path of Unity and Solidarity"; Yerzhan Haji Malgazhuly's "Ramadan Mubarak" and "The Pillars of Knowledge"; Serikbay Haji Oraz's "The Abyss of the Tafsir» and "Hazrat Sultan - The Guiding star of the Great Land"; Nauryzbay Haji Taganuly's "The Ray of Hope", and the Council of Scholars issued Volume 2 of "The Fatwas Collection", Volume 2 of "The Religion and Tradition", "The Friday tribune", "The Friday sermons", "The Funeral Fatwas", "The Daily Islamic Questions", "The 100 Best Questions in Islam", "The Praises to Allah", "The Mawlid Competition", "The Instruction Book on Prayer". In addition, "The Kazakh Culture and Islam" and "The Meaning and Interpretation of the Holy Quran" by Ershat Ongarov; "The Values" and "The Fundamentals of the Faith" by Smail Seitbekov; "The Chosen Companions" by Alau Adilbayev; "The Key to Perfection" and "The Light of the Mercy is The Prophet (PBUH)" by Alau Adilbayev and Shamshat Adilbayeva; "Abu Hanifa and His Madhab", "The Hadith is a Tradition, the Sunnah is a Custom" by Shamshat Adilbayeva; "The Islam and the Mentality", "The Flower of Faith» by Kairat Zholdybay; "Is it Word of God" by Muhiddin Isauly; "The Scientific matter" by K.Zholdybay and M.Isauly; "The Maturidi School of Thoughts" by Kalmakhan Seituly; "Islam and Lessons", "My Beloved Prophet" by Kudaiberdy Bagashar and many others works have been published.



Ел мұсылмандарының діни әдебиетке деген сұранысын сапалы әрі сенімді кітаптармен жүйелі түрде қамтамасыз ету мақсатында 2019 жылы ҚМДБ-ның төл «Муфтият баспасы» ашылды.

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім және ғылым қазынасы. Оның ішінде Ислам ғылым-білімінің адам баласының сан ғасырлық ақыл-ой жемісіне, тарихы мен тағылымының алтын сандығына қосқан үлесі зор. Осынау алдыңғы ұрпақтың қалдырған рухани өсиеті болып табылатын бай мұсылмандық мұрамызды, ислам ғалымдарының асыл қазынасын келер ұрпаққа жеткізу – «Муфтият баспасының» басты мақсаты.

В целях регулярного обеспечения потребности мусульман страны в исламской литературе качественными и достоверными книгами в 2019 году был открыт собственный издательский дом ДУМК - «Издательство Муфтият».

Одно из величайших благ человечества - это сокровищница знаний и науки. В частности, исламская наука внесла значительный вклад в многовековые интеллектуальные достижения человечества, бездонную кладезь истории и учений. Основная цель издательства «Муфтият» - передать молодому поколению наше богатое мусульманское наследие, сокровища исламских ученых, которые являются духовным наследием предыдущего поколения.

In order to regularly meet the needs of the Muslims of the country in Islamic literature with high-quality and reliable books, in 2019, the Spiritual Administration's own publishing house, Muftiyat Publishing House, was opened.

One of the greatest blessings of mankind is a treasury of knowledge and science. Particularly Islamic science has made a significant contribution to the centuries-old intellectual achievements of mankind, an inexhaustible of history and teachings. The main goal of the Muftiyat publishing house is to pass on to the younger generation our rich Muslim heritage, the treasures of Islamic scholars, which are the spiritual heritage of the previous generation.

Құрылғанына санаулы уақыт болуына қарамастан, «Муфтият» баспасынан «Пәтуалар жинағы», имам Матуридидің «Таухид» «Әз пайғамбар хақ жолы», «Қасиетті Құран мағынасы мен түсініктемелері», «Тәлімгер пайғамбар тағылымы», «Ислам әдебі», «Қасиетті Құран Кәрімнің артықшылығы жайлы 40 хадис», «Құран оқудың сауабы мен әдебі», «Намаз оқып үйренейік» сынды құнды еңбектер шығып үлгерді. Сонымен қатар ҚМДБ-ға қарасты Медресе коллеждердің оқу бағдарламасына сәйкес оқулықтар дайындалуда.

Несмотря на то, что он открылся совсем недавно, «Издательством Муфтият» были опубликованы такие ценные труды, как «Сборник фетв», «Таухид» имама Матуриди, «Истинный путь Пророка», «Священный Коран: Смысл и тафсир», «Учение Пророка», «Этика Ислама», «40 хадисов о достоинствах Священного Корана», «Награды и этикет чтения Корана», «Учимся читать намаз». Кроме того, готовятся учебники в соответствии с учебными планами медресе-колледжей ДУМК.

Despite the fact that it was opened quite recently, the Muftiyat Publishing House published such valuable works as «Collection of Fatwas», «Tawhid» of Imam Maturidi, «The way of the prophet», «Meaning and Interpretations of the Holy Qur'an», «Teachings of the Prophet», «Islamic Ethics», «40 Hadiths on the Virtues of the Holy Quran», «The Rewards and Etiquette of Reading the Qur'an», «Let's Learn to Pray». In addition, textbooks are being prepared in accordance with the curricula of the Spiritual Administration madrasah colleges.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС ЖӘНЕ ХАТТАМА БӨЛІМІ
ОТДЕЛ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ И ПРОТОКОЛА
THE DEPARTMENT OF INTERNATIONAL RELATIONS AND PROTOCOL

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазіргі қоғамның басты міндеті – этносаралық келісімді сақтау мен нығайту ғана емес, сонымен бірге, діни толеранттылықты, конфессияаралық үнқатысу мен келісімді бекемдей беру» деген болатын. Еліміздегі конфессияаралық және халықаралық ынтымақтастықты жолға қойып, бекіте түсу – ҚМДБ-ның да басты мұраты.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы халықаралық байланыстарға үнемі мән беріп келеді. Осы бағытта Халықаралық қатынас және хаттама бөлімі құрылған. Бөлім мұсылман елдерімен байланыс орнатуға және шет елдердегі дін саласының мамандарымен тәжірибе алмасуға көңіл бөледі. Сонымен қатар ҚМДБ-ның Жарғысын басшылыққа ала отырып Діни басқарманың халықаралық байланысқа қатысты жұмысын, Бас мүфти, оның орынбасарлары, ҚМДБ қызметкерлері мен имамдарының шетелдік сапарларын, Бас мүфтидің ел аумағындағы сапарларын, Бас мүфтидің мемлекеттік, қоғамдық және діни іс-шараларға қатысуын ұйымдастырады.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрылғаннан бастап сол кездегі Бас мүфти Рәтбек қажы Нысанбайұлы ең алғашқы сапарын Мысыр, АҚШ елдеріне жасаған. Бөлімнің тарихы осы кезден басталады деп айтуға болады. 1990 жылы Рәтбек қажы Мысыр еліне іс-сапары кезінде Шейх уль-Ислам Мұхаммад Әли Тантауидің қабылдауында болып, еліміздің ислам тарихы үшін маңызды келіссөздер жүргізді. Яғни қазақ елінен «әл-Әзһар» университетіне шәкірттер жіберу жөнінде уағдаласты.



Халықаралық келіссөздер

Международные переговоры

The international negotiations





Ынтымаққа үндеген халықаралық кездесулер

Международные встречи, посвященные солидарности

The international meetings calling for solidarity

Елбасы Н.Назарбаев отметил, что: «Главная задача современного общества – не только сохранение и укрепление межэтнического согласия, но и укрепление религиозной толерантности, межконфессионального диалога и согласия». Налаживание международного сотрудничества и укрепление межконфессионального согласия в стране – главная цель ДУМК.

Духовное управление мусульман Казахстана всегда обращало большое внимание на международные связи. В этом направлении был открыт «Отдел международных отношений и протокола». Отдел уделяет внимание налаживанию связей с мусульманскими странами и обмену опытом с исламскими теологами всего мира. Отдел, руководствуясь Уставом ДУМК, организует работу по международной связи, зарубежные визиты Верховного муфтия, его заместителей, сотрудников и имамов ДУМК, визиты Верховного муфтия на территории Республики Казахстан, участие Верховного муфтия в государственных, общественных и религиозных мероприятиях.

С момента образования Духовного управления мусульман Казахстана 12 января 1990 года Верховный муфтий Республики Казахстан Ратбек хаджи Нысанбайулы совершил свою первую поездку в Египет и США. Можно сказать, что история данного отдела началась с этого пеприода.

В сентябре 1990 года во время своего визита в Египет Ратбек хаджи встретился с Шейх уль-Исламом Мухаммадом Али Тантауи. На этой встрече были приняты важные решения, которые окозали влияние на историю исламского развития нашей страны. Стороны договорились о направлении казахстанских студентов в университет аль-Азхар.

The Leader of the Nation, Nursultan Nazarbayev said that the main task of modern society is not only to preserve and keep the interethnic harmony, but also to strengthen religious tolerance, interfaith dialogue, and harmony. Forming and strengthening interfaith and international cooperation in the country are the main goal of the Spiritual Administration.

Since the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan always pays attention to international relations, the Department of International Relations and Protocol was established for this cause. The department focuses on initiating contacts with Muslim countries and exchanging experiences with Islamic experts abroad. Guided by the Charter of the Spiritual Administration, the department organizes the international relations of Spiritual Administration, foreign visits of the Supreme Mufti, his deputies, staff and imams, and visits of the Supreme Mufti on the territory of the Republic, and the participation of the Supreme Mufti in state, public and Islamic events.

Since the establishment of the Spiritual Administration on January 12, 1990, the Supreme Mufti Ratbek Haji Nysanbaiuly paid his first visit to Egypt and USA. We could say that the history of the department began at that time.

In September 1990, during his visit to Egypt, Ratbek Haji met with Sheikh ul-Islam Muhammad Ali Tantawi. At this meeting, important decisions were made that influenced the history of Islamic development of our country, an agreement was signed on sending Kazakhstani students to Al-Azhar University.

Нәтижесінде 1993 жылы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен Египет Араб Республикасы діни істер және уақыфтар министрлігі арасында ынтымақтастық туралы келісімшартқа қол қойылып, қазақстандық талапкерлер Каирдегі «әл-Әзһар» діни жоғары оқу ордасында білім алуға кірісті. Қазақстандық дін қызметкерлері «әл-Әзһар» университеті жанындағы халықаралық имамдардың білімін жетілдіру курсынан өтуге мүмкіндік алды.

ҚМДБ-ның қолдауымен тоқсаныншы жылдардың басынан бастап бүгінгі күнге дейін Малайзия, Үндістан, Египет, Ливия, Сауд Арабиясы, Ресей, Кувейт, Түркия, Иран т.б. елдердегі қасиетті Құранды жатқа және мәнерлеп оқудан халықаралық конкурстарға Қазақстан өкілдері қатысып, жүлделі орындармен оралды.

В результате в 1993 году было подписано соглашение о сотрудничестве между Духовным управлением мусульман Казахстана и Министерством по делам религий и фондов Арабской Республики Египет, и казахстанские студенты начали обучение в исламском университете Аль-Азхар в Каире. Казахстанские имамы получили возможность пройти международный курс повышения квалификации имамов при университете Аль-Азхар.

При содействии ДУМК с девяностых годов Казахстанские хафизы получили возможность участвовать в международных конкурсах чтецов Корана в Малайзии, Индии, Египте, Ливии, Саудовской Аравии, России, Кувейте, Турции, Иране и других странах. Некоторые из них были удостоены призовыми местами.

As a result, in 1993, an agreement on cooperation was signed between the Spiritual Directorate of Muslims of Kazakhstan and the Ministry of Religious Affairs and Foundations of the Arab Republic of Egypt, and Kazakh students began their studies at the Al-Azhar Islamic University in Cairo. Kazakhstani imams got the opportunity to take an international course for imams at Al-Azhar University.

By the support of Spiritual Administration representatives of Kazakhstan took part in International Holy Quran Recitation Competitions since 1990. They visited Malaysia, India, Egypt, Libya, Saudi Arabia, Russia, Kuwait, Turkey, Iran and many other countries. Some of them were awarded prizes





Бауырлас ел - Түркиямен байланыс. Алматы қаласы
Связь с братской страной - Турцией. Город Алматы
The collaboration with a brotherly country Turkey. Almaty city

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен Түрік Республикасы Дін істері басқармасы арасындағы қарым-қатынасты дамыту үшін 1999 жылы Екі мекеме арасында «Өзара ынтымақтастық туралы» келісімге қол қойылды. Осы құжат аясында Түркия тарапының демеушілігімен Қазақстанда бірқатар мешіттер бой көтерді.

Жалпы, ҚМДБ төрағасы ретінде Рәтбек қажы Нысанбайұлы 60-тан астам елге іс-сапармен барып, Ясир Арафат, Хусни Мубарак, Тұрғұт Озал, Сүлеймен Демирель, М.Каддафи сынды 30-дан астам мемлекет басшысының қабылдауында болды.

Әбсаттар қажы Дербісәлінің мүфтилігі кезінде 2007 жылы Алматы қаласында Орта Азия мүфтилер кеңесі құрылып, оның төрағасы болып Қазақстан Бас мүфтиі сайланды. Сондай-ақ, Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлі Еуразиялық Исламдық Кеңестің бірінші орынбасары ретінде 3 рет сайланды.

В целях развития отношений между ДУМК и Управлением по делам религии Турецкой Республики в 1999 году было подписано соглашение «О взаимном сотрудничестве». В рамках этого документа, спонсорством Турции в Казахстане было построено несколько мечетей.

В свою очередь, Ратбек хаджи Нысанбайулы посетил более 60 стран мира, и был на приеме у глав более 30 государств. Встречался с Ясиром Арафатом, Хосни Мубараком, Тургутом Озалом, Сулейменом Демирелем, М.Каддафи и т.д.

В 2007 году в Алматы был создан Совет муфтиев Центральной Азии, председателем которого был избран Верховный муфтий Казахстана. Кроме того, Верховный муфтий Абсаттар Хаджи Дербисали трижды избирался первым заместителем председателя Евразийского исламского совета.

In order to develop relations between the Spiritual Administration and the Presidency of Religious Affairs of the Republic of Turkey in 1999, an agreement «On Mutual Cooperation» was signed. By relying on this agreement several mosques were built in Kazakhstan under the sponsorship of Turkey.

In his time, Ratbek Haji Nysanbaiuly visited more than 60 countries and met more than 30 leaders of nations, including Yasser Arafat, Hosni Mubarak, Turgut Ozal, Suleiman Demirel, Gaddafi and others.

In 2007, the Council of Muftis of Central Asia was established in Almaty, and the Supreme Mufti of Kazakhstan was elected its chairman. In addition, Supreme Mufti Absattar Haji Derbisali was three times elected as First Deputy Chairman of the Eurasian Islamic Council



Мысыр елімен байланыс
Связь с Египтом
The collaboration with Egypt



Ресей мұсылмандарының құрылтайында
На курултае мусульман России
At the Congress of Muslims of Russia



Халықаралық кездесу
Международная встреча
The international meeting



Бірлікке бастаған халықаралық басқосулар
Международные встречи во имя единства
The international meetings leading to unity



Орта Азия ғұламаларының форумы. Алматы қаласы, 2015 жыл
Форум улемов Средней Азии. г. Алматы, 2015 год
The Forum of Central Asian Scholars. Almaty, 2015



2007 жылы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен Түрік Республикасы Дін істері басқармасы арасында «Өзара ынтымақтастық туралы» келісімге қосымша редакцияда қол қойды. Осылайша, көптеген имамдар Түркиядағы имамдардың білімін жетілдіру курстарында дайындықтан өтті. Қазақстандық шәкірттер Түркияда білім алуға мүмкіндік алды.

Әбсаттар қажы Дербісәлі көптеген елдерде халықаралық жиындарға қатысып, ҚМДБ-ның әлем елдерімен қарым-қатынасын нығайта түсті.

Ержан қажы Малғажыұлы Бас мүфти болып сайланғаннан кейін алғашқы халықаралық ресми іс-сапарын Египет Араб Республикасынан бастады. Сапар барысында «әл-Азһар» университетінің шейхы (ректоры) доктор Ахмет әл-Тайыппен кездесіп, Египетте әл-Уақф министрлігінің жоғары лауазымды басшыларымен екіжақты келіссөздер жүргізді. Нәтижесінде «әл-Әзһар» университеті жанындағы халықаралық имамдардың білімін жетілдіру курсына жыл сайын ҚМДБ имамдары тағылымдамадан өтетін болып шешілді.

В 2007 году в дополнительной редакции было подписано соглашение «О взаимном сотрудничестве» между Духовным управлением мусульман Казахстана и Управлением по делам религий Турецкой Республики. Таким образом, многие имамы прошли обучение в Турции. Казахстанские студенты получили возможность учиться в Турции.

Абсаттар Хаджи Дербисали участвовал на международных встречах во многих странах и укрепил взаимоотношени ДУМК со странами мира.

После избрания Верховным муфтием Ержан хаджи Малгажыулы начал свой первый официальный международный визит с Арабской Республики Египет. В ходе визита состоялась встреча с шейхом (ректор) известного университета аль-Азхар доктором Ахметом аль-Тайибом, и принял участие в двусторонних встречах с высокопоставленными руководителями Министерства вакуфов в Египте. В результате было принято решение, о прохождении ежегодного обучения имамов ДУМК на международных курсах повышения квалификации имамов при университете Аль-Азхар.

In 2007, in an additional edition, an agreement "On mutual cooperation" was signed between the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan and the Presidency of Religious Affairs of the Republic of Turkey. Thus, many imams have been trained in Turkey. The students of Kazakhstan got the opportunity to study Islamic sciences in Turkey.

Absattar Haji Derbisali participated in international meetings in many countries and strengthened relations between the the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan and the countries of the world.

After being elected Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan as a Mufty Yerzhan Haji Malgazhiuly began his first official from Arab Republic of Egypt. During the visit, he met with the Sheikh (Rector) of the famous Al-Azhar University, Dr. Ahmed Al-Tayyib, and held bilateral meetings with senior officials of the Ministry of Al-Waqf in Egypt.As a result, it was decided to undergo the annual training of the imams of Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan at the international training courses for imams at Al-Azhar University.





2013 жылы Ержан қажы Малғажыұлының бастамасымен Қазақстан Республикасы тұңғыш рет Ислам әлеміндегі белді ұйымдардың бірі – Халықаралық Ислам фиқһы (каноны) академиясының тұрақты мүшелігіне қабылданды. ҚМДБ атынан исламтанушы, PhD Ершат Оңғаров академияның мүшесі болды.

Түркия Республикасы Дін істері басқармасы мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының діни қызмет саласындағы ынтымақтастық туралы 2007 жылғы 29 қазандағы келісім негізінде қазақстандық шәкірттердің діни білімдерін жетілдіру мақсатында 2014 жылы «Хасеки» академиясы мен Діни басқарма арасында ынтымақтастық меморандумына қол қойылды.

ҚМДБ бастамасымен 2015 жылы рет «Келісім мен жасампаздық – Орталық Азиядағы Исламның дәстүрлі негізі» атты Орта Азия ғұламаларының форумы өтті.

В 2013 году по инициативе Ержана хаджи Малгажыулы Казахстан впервые был принят в члены Международной Академии Исламского Фикха (канон) – одной из ведущих организаций исламского мира. От имени ДУМК исламовед, PhD Ершат Онгаров стал членом Академии.

На основании соглашения о сотрудничестве Управления по делам религии Турецкой республики и Духовного управления мусульман Казахстана от 29 октября 2007 года в целях совершенствования исламских знаний казахстанских студентов в 2014 году был подписан меморандум о сотрудничестве между Академией «Хасеки» и Духовным управлением.

В 2015 году по инициативе ДУМК был проведен форум имамов Центральной Азии «Согласие и созидание - традиционная основа ислама в Центральной Азии».

By the initiative of Yerzhan Haji Malgazhuly, the Republic of Kazakhstan for the first time became a permanent member of one of the leading organizations in the Islamic world, the International Academy of Islamic Fiqh (Canon), in 2013. Yershat Ongarov, Ph.D., an Islamic scholar, became a member of the Academy on behalf of the Spiritual Administration.

On the basis of the agreement on cooperation in the field of Islamic activity of the Presidency of Religious Affairs of the Republic of Turkey and the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan dated October 29, 2007, a memorandum of cooperation was signed in 2014 between Haseki Academy and the Spiritual Administration.

For the first time in 2015, a Forum of Central Asian scholars entitled the “Consensus and Creativity are the traditional basis of Islam in Central Asia” was held by the initiation of the Spiritual Administration



Серікбай қажы Ораздың мүфтилігі кезінде де халықаралық қарым-қатынасты нығайту үшін бірқатар шаралар жүзеге асты. «EXPO 2017» халықаралық көрмесінің ашылуына Діни басқарма өз тарапынан үлес қосты. Мұсылман елдерінен келетін қонақтарға жоғары деңгейде қызмет көрсету үшін Нұр-Сұлтан қаласы қонақүйлерін, қоғамдық тамақтану орындарын шариғат талаптарына сәйкес сертификаттау мақсатында Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Астана Конвеншн Бюро» ЖШС-ы мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы арасында екіжақты меморандумға қол қойылды.

2018 жылы ҚМДБ «Еуразия кеңістігіндегі Ислам өркениеті: өткені, бүгіні және болашағы» атты халықаралық ғұламалар форумын өткізді. Форумға Сенат және Мәжіліс депутаттары, зиялы қауым өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Еуразияның 21 елінен 35-тен астам делегат, еліміздің беделді дін ғалымдары мен Ғұламалар кеңесінің мүшелері, жалпы 250-ден астам адам қатысты.

За время правления Серикбая хаджи Ораза был принят ряд мер по укреплению международных отношений. Духовное управление внесло свой вклад в открытии международной выставки «EXPO 2017». В целях сертификации гостиниц города Нур-Султан, пунктов общественного питания в соответствии с требованиями шариата для обслуживания гостей мусульман был подписан двусторонний меморандум между ТОО «Астана Конвеншн Бюро» акимата города Нур-султана и Духовным управлением мусульман Казахстана.

2 марта 2018 года ДУМК провел международный форум ученых «Исламская цивилизация на евразийском пространстве: прошлое, настоящее и будущее». В форуме приняли участие депутаты Сената и Мажилиса, представители интеллигенции, государственные и общественные деятели, более 35 делегатов из 21 стран Евразии, авторитетные религиозные ученые и члены Совета ученых страны, всего более 250 человек.

During the reign of Serikbay Haji Oraz, a number of measures were taken to strengthen international relations. The Spiritual Administration has contributed to the opening of the international exhibition "EXPO 2017". A bilateral memorandum was signed between Astana Convention Bureau LLP Nur-Sultan City hall and the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan in order to certify the hotels and restaurants of Nur-Sultan in accordance with Sharia requirements to provide a high-level service to the guests from Muslim countries.

The Spiritual Administration held an international Forum of Scholars entitled Islamic civilization in Eurasia: past, present, and future on March 2, 2018. The Forum was attended by deputies of the Senate and Majilis, intellectuals, statesmen and public figures, more than 35 international delegates from 21 countries of Eurasia, as well as prominent Islamic scholars and members of the Council of Scholars that counts a total of more than 250 people.



Серікбай қажы Ораз Ресейге жасаған ресми сапары барысында қасиетті жұма күні аталған осы елдің ең үлкен мешітінде жамағатқа уағыз айтты. Сонымен қатар, сапар барысында Саратов губерниясының Ислам орталығының жұмысымен танысып, жергілікті қазақ диаспора өкілдерімен кездесті.

2018 жылы Серікбай қажы Ораз Мысырдың жоғарғы дәрежелі марапаттарының бірі «Ғылым және өнер үшін» республикалық орденімен марапатталды. Қазақстанның діни қайраткеріне бірінші дәрежелі марапатты Мәуліт мерекесіне арналған салтанатты іс-шара барысында Мысыр Президенті Әбдел Фаттах әс-Сисидің өзі табыстады. Бас мүфтиге орден Қазақстанның ұстамды исламды таратуға, радикалдық идеологияларға қарсы күресуге және дінаралық диалогты ілгерілетуге қосқан үлесі үшін берілді.



ҚМДБ 2003, 2006, 2009, 2012 және 2015 жылдары Нұр-Сұлтан қаласында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің өтуіне өз үлесін қосты. Осы кездері Бас мүфти болған дін қайраткерлері секция жұмыстарына белсене қатысты.

Халықаралық діни конференция. Грозный қаласы. 2019 ж.

Международная религиозная конференция. Грозный. 2019 г.

International religious conference. Grozny city. 2019



В мае 2018 года Серикбай хаджи Ораз в ходе официального визита в Россию в священную пятницу произнес проповедь в самой большой мечети этой страны на тему «Рамадан и единство мусульманской уммы». Кроме того, в ходе визита он ознакомился с работой Исламского центра Саратовской губернии и встретился с представителями местной казахской диаспоры.

В ноябре 2018 года Серикбай хаджи Ораз был награжден одним из высших наград Египта орденом «За науку и искусство». Президент Египта Абдель Фаттах ас-Сиси лично вручил священному деятелю Казахстана первую награду в ходе торжественного мероприятия, посвященного празднику Мавлид. Орден был выдан за вклад в распространение умеренного ислама, борьбу с радикальными идеологиями и продвижение межрелигиозного диалога.

ДУМК внес свою лепту в проведение Съезда лидеров мировых и традиционных религий в городе Нур-Султане в 2003, 2006, 2009, 2012 и 2015 годах. В свою очередь, верховные муфтии Абсаттар хаджи Дербисали, Ержан хаджи Малгажыулы и Серикбай хаджи Ораз приняли активное участие в работе секций.

Serikbay Haji Oraz delivered a sermon on the topic of “Ramadan and the unity of the Muslim Ummah” in the country’s largest mosque on blessed Friday during his visit to Russia. He also got acquainted with the work of the Islamic Center of Saratov province and met with representatives of the local Kazakh minority.

Serikbay Haji Oraz was awarded the National Order “Science and Art”, one of the highest awards of Egypt in November 2018. The first-class award was presented to the religious figure of Kazakhstan by the President of Egypt Abdel Fattah al-Sisi during the Mawlid celebrations. The Supreme Mufti was awarded the Order for his contribution to the fight against radical groups and the promotion of interreligious dialogue in Kazakhstan.

The Spiritual Administration contributed to the organization of the Congress of Leaders of World and Traditional Religions in Nur-Sultan in 2003, 2006, 2009, 2012 and 2015. The Supreme Muftis Absattar Haji Derbisali, Yerzhan Haji Malgazhuly and Serikbay Haji Oraz took an active part in the work of the section in their terms.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы болып сайланған Наурызбай қажы Тағанұлы алғашқы шетелдік сапарын көрші Өзбекстан елінен бастады. Бұл елден бастауының да өзіндік мәні бар. Өйткені бауырлас елде асыл дініміздің дамуына еңбек сіңірген дін ғұламалары жерленген. Бұл мемлекетте өткен ғасырда талай қазақ баласы діни білім алды. Осылайша наурыз айының басында Бас мүфти бастаған делегация Өзбекстанның Ташкент, Самарқан қалаларына ресми сапармен барды.

Сапар аясында Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Өзбекстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Усмонхон Темирхон уғли Самарқандиймен кездесіп, екіжақты келіссөз жүргізді. Елден барған қазақстандық делегация Самарқан қаласында өткен «Имам Матуриди тағылымы: өткені мен бүгіні» атты халықаралық конференцияға қатысты. Сонымен қатар жергілікті діни оқу орындарының жұмысымен танысып, бауырлас елдердің байланысын бекіте түсетін бірқатар келісімдерге қол жеткізді.

Қазақстандық делегация Өзбекстанның Самарқан қаласына жасаған ресми сапары аясында имам Матуридидің және имам Бұхаридің мазарларын зиярат етіп, Құран аятын бағыштады.

Наурызбай қажы Тағанұлы сапар аясында «әл-Әзһар» университетінің шейхы, Мысыр бас имамы Ахмет Тайыппен, Украина мүфтиі, шейх Ахмет Тамиммен кездесіп, жаһандық сын-қатерге жауап беруде мұсылман үмбетінің өзара ынтымағын арттыру, деструктивті діни ағымдардың теріс үгіт-насихат жұмыстарына жол бермеу, тәжірибе алмасу шараларын ұйымдастыру, діни оқу-ағарту саласы бойынша бірлескен жобаларды жүзеге асыру сынды т.б. мәселелер төңірегінде сұхбаттасты.

Наурызбай хаджи Таганулы, избранный председателем Духовного управления мусульман Казахстана, начал свою первую зарубежную поездку в соседний Узбекистан. В током решении есть глубокий смысл. Ведь в братской стране похоронены религиозные деятели, внесшие вклад в развитие ислама. В прошлом веке многие казахские дети получали религиозное образование в этой стране. Таким образом, в начале марта делегация во главе с Верховным муфтием посетила с официальным визитом столицу Узбекистана город Ташкент, и древнейший город Самарканд.

В рамках визита Верховный муфтий Наурызбай хаджи Таганулы встретился с председателем Духовного управления мусульман Узбекистана Усмонхоном Темирхан оглу Самарканди и провел двусторонние переговоры. Казахстанская делегация приняла участие в международной конференции «Учение Имама Матуриди: прошлое и настоящее» в Самарканде. Он также ознакомился с работой местных исламских религиозных школ и достиг ряда договоренностей, укрепляющих связи между двумя братскими странами.

Во время официального визита в Самарканд, казахстанская делегация посетила могилы Имама Матуриди, Имама Бухари, и прочитала аяты из Корана за усопших.

В ходе визита Наурызбай хаджи Таганулы встретился с шейхом Университета Аль-Азхар, главным имамом Египта Ахметом Тайибом, муфтием Украины шейхом Ахмедом Тамимом, чтобы укрепить единство мусульманской уммы обсудили вопросы касающиеся реагирования на глобальные вызовы, предотвращения негативной пропаганды деструктивных религиозных течений, организации мероприятий по обмену опытом, реализации совместных проектов в сфере религиозного образования и др.

Nauryzbay Haji Taganuly as Chairman of the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan, began his first foreign trip to neighboring country, Uzbekistan. It made huge sense to start from this country. After all, the Islamic scholars who have contributed to the development of our noble religion are buried in this brotherly country. Moreover, many Kazakh students have received Islamic education in this country. Thus, the delegation headed by the Supreme Mufti paid an official visit to Tashkent and Samarkand, Uzbekistan in early March.

During the visit, the Supreme Mufti Nauryzbay Haji Taganuly met with the Chairman of the Spiritual Administration of Muslims of Uzbekistan, Usmonkhon Temirkhan oglu Samarqandy, and held bilateral talks. The Kazakh delegation took part in the international conference titled "The past and present teachings of Imam Maturidi" in Samarkand. He also got acquainted with the work of local Islamic schools and signed a number of agreements to strengthen the ties between the countries.

During the official visit to Samarkand, Uzbekistan, the Kazakh delegation visited the shrine of Imam Maturidi and Imam Bukhari and recited the verses of Quran.

During the visit, Nauryzbay Haji Taganuly met with Sheikh of Al-Azhar University, Chief Imam of Egypt Ahmet Tayyip, Mufti of Ukraine, Sheikh Ahmed Tamim, to strengthen the unity of the Muslim Ummah in responding to global challenges, prevention of the negative propaganda of destructive religious movements, organization of experience sharing, implementation of joint projects in the area of Islamic education, and etc.







COVID-19 коронавирус жұқпалы дертінің таралуына байланысты Бас мүфти дін басшылары мен мұсылман бауырларға Үндеу жариялады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ислам әлемінің ғұламаларын, күллі дін қайраткерлерін, дін саласының оқытушы-ұстаздары мен Құран қариларын және барша мұсылман қауымын 10 сәуір жұма күні намаз уақытында «Біз – біргеміз, тілегіміз – ортақ» деген игі бастама аясында күллі адамзаттың амандығы үшін бір мезетте алақан жайып, дұға жасауға шақырды.

В связи с распространением коронавируса COVID-19 Верховный муфтий обратился с призывом к религиозным лидерам и ко всем мусульманам. В рамках инициативы «Мы вместе и пожелания наши общие» Духовное управление мусульман Казахстана призвало ученых исламского мира, всех религиозных деятелей, учителей и чтецов Корана и всю мусульманскую общину делать дуа за благополучие всего человечества в пятницу, 10 апреля, во время молитвы.

The Supreme Mufti has announced an appeal to Islamic leaders and the Muslim Ummah in prevention the spread of COVID-19 coronavirus. The Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan called upon the scholars of the Islamic world, all Islamic figures, teachers and reciters of the Quran and the entire Muslim community to pray for the well-being of all mankind during the “We are together, our wish is one” prayer on Friday, April 10, 2020.



Наурызбай қажы Тағанұлы әл-Әзһар шейхы Ахмед Тайыппен сұхбаттасуда

Наурызбай хаджи Таганулы беседует с шейхом аль-Азхар Ахмедом Тайипом

Nauryzbay Haji Taganuly with the Sheikh of Al-Azhar Ahmed Tayyip



Өзбекстанда өткен халықаралық конференция делегаттарымен

Вместе с делегатами международной конференции в Узбекистане

At the international conference in Uzbekistan with other delegates

Наурызбай қажы Тағанұлы Ресей Федерациясы мұсылмандары діни басқармасы ұйымдастырған «Мұсылман әлемі жаһандық пандемияға қарсы: әлеуметтік оқшаулану жағдайындағы ынтымақтастық», «ТМД елдері мұсылмандары діни басқармаларының жаһандық COVID-19 пандемиясы кезеңіндегі тәжірибесі» сынды т.б. халықаралық онлайн конференцияларға қатысып, баяндама жасады.

Қорыта келгенде қазіргі таңда Діни басқарма 130-дан астам шетелдік дипломатиялық өкілдіктер мен халықаралық ұйымдардың басшыларымен, атап айтқанда Сауд Арабиясы Корольдігі, Палестина, Египет, Түркия, БАӘ, Кувейт, Қатар, Иордания, Иран, Өзбекстан, Тәжікстан, Армения, АҚШ, Германия, Испания, Оңтүстік Корея, Греция, Польша, Ватикан, Голландия, Ұлыбритания, Үндістан, Израиль, Ресей, Ливия, Хорватия, Эстония, Латвия, Литва және т.б елдермен әріптестік байланыс орнатты.

Наурызбай хаджи Таганулы выступал с презентациями на международных онлайн-конференциях таких, как «Мусульманский мир против глобальной пандемии: сотрудничество в условиях социальной изоляции», «Опыт Духовных управлений мусульман СНГ в условиях глобальной пандемии COVID-19» организованных Духовным управлением мусульман РФ и в других онлайн платформах.

В настоящее время Духовное управление мусульман Казахстана установило отношения с более чем 130 зарубежными дипломатическими представительствами и главами международных организаций, в частности со странами Королевства Саудовская Аравия, Палестины, Египта, Турции, ОАЭ, Кувейтии, Катара, Иордании, Ирана, Узбекистана, Таджикистана, Армении, США, Германии, Испании, Южной Кореи, Греции, Польши, Ватикана, Голландии, Великобритании, Индии, Израиля, России, Ливии, Хорватии, Эстонии, Латвии, Литвы и др.

Nauryzbay Haji Taganuly took part in the international conference organized by the Spiritual Administration of Muslims of the Russian Federation, “The Muslim world against the global pandemic situation by uniting in the social isolation", “The experience of the Spiritual Administration of Muslims of the CIS in the global pandemic COVID-19” and others online conferences and made presentations.

Currently, the Spiritual Administration actively works with more than 130 countries and foreign diplomatic missions and international organizations, including the Kingdom of Saudi Arabia, Palestine, Egypt, Turkey, UAE, Kuwait, Qatar, Jordan, Iran, Uzbekistan, Tajikistan, Armenia, USA, Germany, Spain, South Korea Greece, Poland, the Vatican, the Netherlands, Great Britain, India, Israel, Russia, Libya, Croatia, Estonia, Latvia, Lithuania, and others.

ІС БАСҚАРУШЫ
УПРАВЛЯЮЩИЙ ДЕЛАМИ
THE CASE MANAGER

2000 жылы ҚМДБ жанынан Іс басқару қызметі ашылды. Іс басқарушы ҚМДБ Жарғысына және заң нормаларына сәйкес Орталық аппараттың шаруашылық жұмысын жүргізіп, мешіттердегі қаржылық ашықтықты қалыптастырады, мешітке келушілерге жоғары деңгейде қызмет көрсетілуін үйлестіреді, дін қызметкерлерінің әдебін қадағалайды, мешіт ауласын абаттандырып, тазалығын бақылайды, Алла үйінің заман талабына сай жабдықталуын ұйымдастырады және жалпы шаруашылық жұмыстарын жүргізеді

В 2000 году при ДУМК была открыта служба Управления делами. Управляющий делами ведет хозяйственную работу Центрального аппарата ДУМК, формирует финансовую открытость в мечетях в соответствии с Уставом ДУМК и нормами закона, координирует высокий уровень обслуживания посетителей мечети, следит за этикой священнослужителей, благоустройством и чистотой территории мечети, организует современное оснащение мечети и проводит общехозяйственную работу.

The Case Management Department was established in 2000 under the auspices of the Spiritual Administration. The Administration functions in accordance to the Charter and the State laws, and responsible to keep the financial transparency in the mosques, ensure the high-quality services to the visitors, coordinate the ethics of personnel, monitor the cleanliness, equip the mosques with modern furniture and general administrative management





Өңірлердің іс басқарушыларымен кездесу

Встреча с управляющими делами региона

Meeting with regional case managers



Нұр-Астана мешітіне жөндеу жұмыстары жүргізілді

В мечети «Нур-Астана» ведутся ремонтные работы

The Nur-Astana mosque have been repairing



Мүфтият ғимараты ауласында балалар алаңқайы ашылды

